# SARYARQA

23 qazan 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№39 (8203)



AINA — ӘЛ – ФАРАБИ ӘЛЕМІ және ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН — 2-бет

DÚBIR — ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҰҒЫРЫ — 4-бет

QOǴAM — ТОЙ ТОЙЛАЙТЫН УАҚЫТ ЕМЕС — 5-бет

ÁLEÝMET — ТҰМАУҒА ДА БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ — 6-бет


# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ және МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҮНДЕУІ




***Құрметті отандастар!***

Бүгін мен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойдым. Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы тағайындалады.

Алдағы сайлау конституциялық мерзімге сәйкес, 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді. Барлық саяси партиялардың бұл сайлау науқанына қатысуға дайындалуына, сайлау алдындағы платформасын әзірлеуіне, партиялық инфрақұрылымдарды жетілдіруіне уақыты жеткілікті болды.

Орталық сайлау комиссиясы мен Бас прокуратура сайлаудың заңдылығын, ашықтығын және әділдігін сақтау үшін тұрақты бақылау жүргізіп отырады.

Жаңа сайлау науқанына дейін саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейту жөнінде шаралар қабылданды.

Бірінші. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» заңға түзетулер енгізу арқылы парламенттік оппозиция институтын құру мәселесін қарастыратын және оның қызметін регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар жасалды.

Енді Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бір төрағасы мен екі хатшысы парламенттік оппозиция депутаттары арасынан сайланады.

Сонымен қатар, парламенттік оппозиция бір сессия кезінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау өткізу жөнінде бастама көтеру құқығын иеленеді. Сондай-ақ бір сессия кезінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындайтын болады.

Бұдан бөлек, саяси партиялар фракцияларының жетекшілеріне Парламент палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің пленарлық отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауларда және басқа іс-шараларда сөз сөйлеуге кепілді құқық беріледі.

Екінші. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда және «Саяси партиялар туралы» заңда қарастырылған ережелер бойынша парламенттік тәжірибемізде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Бұл норма Парламентке және жергілікті өкілді органдарға әйелдер мен жастарды тартудың тиімді жолы ретінде олардың еліміздегі қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысуына септігін тигізеді.

Үшінші. Алдағы мәслихаттар сайлауы алғаш рет партиялық тізім бойынша өтеді. Пропорционалды модель әлемдік демократиялық тәжірибеге толық сай келеді, саяси жүйені нығайтуға, демократияны дамытуға ықпал етеді, саяси партиялардың жұмысын жандандырады.

Бұл жаңа бастамалар партияларға еліміздің саяси жүйесіндегі ұстанымын нығайту үшін қосымша мүмкіндіктер береді.

***

Коронавирус пандемиясы салдарынан туындаған күрделі экономикалық дағдарыс көптеген елді қамтыды, сондай-ақ, бүкіл әлемдік экономикаға кері әсер етті.

Қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның алдында дағдарысқа қарсы тиімді шаралар қабылдау, орнықты экономикалық дамуды және азаматтарымыздың әлеуметтік игілігін қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеті тұр.

Осы басымдықтар жөнінде менің Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда айтылды.

Парламенттің және жергілікті өкілді органдардың жаңартылған құрамы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық реформаларды сапалы әрі заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге баса мән береді.

Алдағы сайлау еліміздің саяси жүйесін жаңартуды қамтамасыз ететін саяси институттарды дәйекті түрде демократияландыруға және жаңғыртуға Қазақстанның аса ықыласты екенін тағы да бір дәлелдейтін болады.

Біздің ортақ миссиямыз – Қазақстанды өркендету, азаматтарымыздың игілігі үшін қызмет ету. Қазақстан халқы аса маңызды тарихи сындарлы сәттерде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білді. Халқымыз осы жолы да елімізді жан-жақты жаңғырту бағытындағы жаңа тарихи миссиясын лайықты атқарады деп сенемін. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында еліміз кемелдене түсіп, дамудың жаңа кезеңіне шығатынымыз анық.

Мемлекетіміздің барлық азаматтарын белсенді азаматтық ұстанымын танытуға, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың алдағы сайлауына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

# ТЕАТР МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

***Жезқазғанда көптен күткен театр маусымы басталды. Қырық тоғызыншы мәрте түрілген театр шымылдығы Шыңғыс Айтматовтың «Шыңғысханның ақ бұлты» эпикалық драмасымен ашылды. Қоюшы режиссер – Теміржан Жанботаев.***



Ал басты кейіпкерлер Теміршіннің бозбала шағын Нұржан Жарулла, қарт Шыңғысханды Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Серік Бұлғақбаев ойнап шықты. Биылғы маусымда Шыңғысханның бала күні мен Дөгеленңің ғашығын сомдайтын Ерденді ойнайтын актер өзгерген. Жаңа маусымда аталған образдарды Саят Ерназар мен Нұрлыхан Файзиев сомдады.

Спектакль басталмас бұрын, жаңа маусымның ашылу салтанатында сөз алған қала басшысы Қайрат Әбсаттаров Жезқазған театрының қаланың ғана емес, республиканың рухани өмірінде маңызды орын алатынын айта келе, театр ұжымы мен көрермендерін жаңа маусымның ашылуымен құттықтады.

– Күні кеше облыс орталығына барып келдім. Облыс басшысы Жеңіс Махмұдұлы біздің театрдың жағдайынан хабардар екенін айтып, келер жылғы мерейтойлық маусымға орай қолға алынатын жобаларды қолдайтынын, театр ғимаратын жаңартуға атсалысатынын жеткізді, – деді Қайрат Бектайұлы өз сөзінде.

Театр директоры Досхан Сәкенұлы мен Қазақстанның Халық әртісі Досжан Жанботаев өнер шаңырағының ақпараттық серіктестері мен «NON STOP» балалар өнер орталығы, «Halyk bank» АҚ Жезқазған филиалы басшысына Алғыс хаттарын табыстады.

►►*4-бетте*




## ҚР ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ және МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Saryarqa» газетінің редакциясы ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауына қатысатын партиялардың (бұдан әрі – Партиялар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

– ақылы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;

– газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт материалының көлемі 400 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;

– партиялардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады;

Партиялардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері: **1-бет үшін – 250 теңге;** түрлі-түсті беттер үшін **– 200 теңге;** ақ-қара түсті беттер үшін – **100 теңге.**

**«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС**




## SARYARQA-АҚПАРАТ

### МЫҢНАН АСА КӘСІПКЕР ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ АЛДЫ

***Ұлттық Банк Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес коронавирус пандемиясынан туындаған төтенше жағдайға жауап ретінде әзірленген шағын және орта бизнес субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын табысты іске асыруда.***

Ұлттық банктің баспасөз қызметінің мәліметінше, Төтенше жағдай нәтижесінде зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсетіледі. Бұл ретте, барынша көп ШОБ субъектілерін қамтуды арттыру мақсатында бағдарламада қандай да бір салалық шектеулер көзделмейді, сондай-ақ қаржылық жағдайдың нашарлауын растау үшін қажетті құжаттардың нақты тізбесі белгіленбейді. Кәсіпкерлер мен банктер қажетті құжаттар тізбесін дербес айқындайды.

20 қазандағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер 564,3 млрд теңге сомасына 2 277 өтініш қабылдады, олар бойынша жоспарланған 600 млрд теңге кезінде 428,7 млрд теңге сомасына (оның ішінде өтеу есебінен 75 млрд теңге) 1 360 ШОК субъектілері қаржыландырылды. Бағдарламаны ең алдымен сауда саласындағы шағын және орта бизнес субъектілері пайдаланды – 297,8 млрд теңге (70%), құрылыс саласында – 43 млрд теңге (10%), өңдеу өнеркәсібінде – 38 млрд теңге (9%) мөлшерінде пайдаланды.

### ӘЛ-ФАРАБИ ЖАЙЛЫ СПЕКТАКЛЬДІҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТЕДІ

***Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында 23-24 қазанда Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай «Ғұлама ғұмыр» драмасы сахналанады. Премьераның режиссеры – Ш.Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Қуандық Қасымов.***

Биыл елімізде ұлы ойшыл, философ Әл-Фарабидің 1150 жылдығы кең көлемде атап өтілуде. Мерейтойға арнап Қарағанды облыстық қазақ драма театрының ұжымы «Ғұлама ғұмыр» атты жаңа спектакльдің премьерасын көрермендерге ұсынады.

Қойылымда басты рөлді Наурызбай Есей сомдайды. Актер жақында «Тұлға» сыйлығын алған болатын. Ол премьерада қаланың басшысы Алеппо Сейт Хамданиді сомдайтын Қайрат Кемаловтың шәкірті.

– Әл-Фараби Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, әлемдік деңгейдегі ойшыл. Оның рөлін сахнада сомдау кез келген актер үшін жауапкершілікті қажет етеді. Мен қала басшысы Сейт Хамданидің рөлін сомдаймын. Ол басқалар қарсы болған уақытта Әл-Фарабиге қолдау білдірген жалғыз адам. Жас ойшылды түсініп, қиын кезеңдерде оған көмектескен Сейт Хамдани тарихи тұлға,– дейді Қайрат Кемалов.

Жаңа спектакльдің режиссеры атақты театр режиссеры Қуандық Қасымов. Ол бұған дейін қазақ драма театрында ғана емес, Қарағанды облысының басқа да театрларында спектакльдер қойған болатын. Қ. Қасымовтың жұмыстары Қазақстанның, Европа елдерінің және Мысыр елінінде өткен фестивальдерде көрсетілген болатын.

– Жас актерлер үшін әртүрлі режиссерлермен жұмыс істеу, олардың қолдауын сезіну маңызды. Бұл тәжірибе алмасуға да қажет,- дейді Қайрат Кемалов.

Тұсаукесер қазан айының 23-24 күндеріне жоспарланған. Елдегі карантин шараларына байланысты залдағы көрермендердің саны 50 адамнан аспайды. Көрермендерден санитарлық шараларды сақтап, бетперде киіп, әлеуметтік арақашықты сақтау сұралады.

### ДЕНСАУЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ II ТОҚСАНДАҒЫ ОҚУ ФОРМАТЫНА ҚАТЫСТЫ АЙТТЫ

***Екінші тоқсанда мектеп оқушылары қандай форматта оқиды? Бұл сұраққа Денсаулық сақтау вице-министрі Ажар Ғинаят жауап берді.***

– Балалардың мектепке баруы жөнінде мәселе елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты болады. Үкімет жанындағы ведомствоаралық комиссия күнде жұмыс жүргізуде. Ол комиссияның құрамына Білім және ғылым министрлігінің өкілдері де енеді. Сол себепті бұл сұрақ кейін шешілетін болады, – деді Ажар Ғинаят.

Еске сала кетсек, бұған дейін бұл сұраққа Білім және ғылым министрлігі жауап беріп, шешімді Денсаулық сақтау министрлігінен күтіп отырғанын хабарлаған еді.

– Мектеп жұмысының форматы кинотеатрлар, сауда орталықтары, фитнес-орталықтар секілді санитариялық дәрігерлердің шешімі мен эпидемиологиялық ахуалға байланысты болады. Тек шынайы ақпарат көздеріне сенуге шақырамыз. Жалған ақпарат таратқан адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз, – деген болатын БҒМ баспасөз хатшысы Гаухар Омарбек.

### ЖОО ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСТІ

***Жоғары оқу орындары оқытушыларының жалақысын өсіру – ректор немесе министрліктің емес, Президенттің тікелей тапсырмасының арқасында жүзеге асты. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов министрліктің аппарат жиналысында айтты.***

Біз мониторинг жүргіздік. Президент тапсырмасын қай жоғары оқу орны қандай деңгейде, сапалы немесе сапасыз орындағанын көріп отырмыз. Ең бастысы – жоғары оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысын көтеру – ректор немесе министрліктің емес, Президенттің тікелей тапсырмасының арқасында жүзеге асты. ҰҚСК отырысының хаттамасы бойынша гранттар құны ұлғайтылғанын білесіздер. Бұл мемлекет басшысының үлкен қолдауы екенін түсіну қажет, – деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Осылайша, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша оқытушылардың жалақысы орта есеппен 25%-ға өсті, одан бөлек педагогтердің жалақысы, докторанттар мен болашақ педагогтердің стипендиясы ұлғайды.

Стипендия бойынша да айтарлықтай өсім байқалады. Егер педагогикалық мамандықтар бойынша білім алып жатқан студенттер өткен жылы осы уақытта 20 мың теңге көлемінде стипендия алса, қазір ай сайын 42 мың теңге алып отыр. Сондай-ақ сабағын жақсы оқып жатқан үздіктердің стипендиясы 48 мың теңге болды. Демек, бір жылда стипендия 2 есе өсті. Бұл да Мемлекет басшысының ұстанымының және оның тапсырмасының арқасында жүзеге асып отыр, – деп атап өтті министр.

# ӘЛ-ФАРАБИ ӘЛЕМІ және ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН




РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



*Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,*
*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы,*
*Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы*

## ҰЛЫЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ

Биыл дала данышпаны, адамзаттың «екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толды. Бұл – тарихымыздағы тағылымды белестің бірі. Жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтулы датаны еліміз және әлемдік деңгейде атап өту жөнінде арнайы шешімін шығарды. Бұл орайда Ұлы даланың ұлағатты ойшылдары Абай мен Әл-Фараби мерейтойларының тұспа-тұс келуін рухани сабақтастық деп бағалауымыз керек.

Әл-Фараби мен Абай – Шығыс пен Батыс әлемінің үздік жетістіктерін үйлестірген, өркениеттер тоғысында озық ой айтқан ғибратты ғұламалар. Қазақ үшін Абайдың данышпандық тұжырымдары – адастырмас темірқазық. Сондай-ақ әлемдік деңгейдегі ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми және шығармашылық мұрасы да – мәңгілік қуат алатын асыл қазынамыз. Әйгілі ғалымның еңбектері аса мазмұнды әрі ауқымды. Ол математика, филология, химия, астрономия, философия, медицина, логика, әлеуметтану, саясаттану, юриспруденция, этика және тағы басқа көптеген ғылым саласын дамытуға орасан зор үлес қосты.

Әл-Фараби феномені – теңдесі жоқ құбылыс. Оның баға жетпес ғылыми мұрасының жалпыадамзаттық маңызы бар. Ұлы ойшыл – орта ғасырларда ірі сауда орталығы, ғылым-білім және мәдениет ошағы болған Отырардың тумасы. Ол – әлемдік деңгейдегі тұғырлы тұлға, біздің мақтанышымыз.

Әл-Фараби – Батыс және Шығыс мәдениеті арасындағы алтын көпір. Ұлы ұстаз ғылымның басты мұраты адамзат игілігіне қызмет ету деп білді. Оның пікірінше, ғылым өркениетті дамыту жолында нақты пайда әкелуі керек. Ғылымның дамуын философия, мораль және діни нормалармен үндестік арқылы қарастыру – ойшыл дүниетанымының басты ерекшелігі.

Әл-Фараби еңбектерін аударып, жариялау XII ғасырларда басталды. Ғұлама ғалымның интеллектуалды капиталы – көне грек философиялық мәтіндерінен аударылған еңбектер, түсініктемелер, сондай-ақ гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарын синтездеген жеке шығармалар. Оның ең танымал туындылары – «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Даналық негіздері», «Музыканың үлкен кітабы», «Ғылымдар жіктемесі» және тағы басқа.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруге, яғни одан бұрын жаңғырып отыруға тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», деп атап өтті. Ендеше, Әл-Фарабидің рухани әлемін терең және жан-жақты зерттеу – уақыт талабы.

Халқымыздың парасатты перзенттері әл-Фарабидің есімі мен шығармаларын халқына қайтару үшін аянбай тер төкті. Солардың ішінде даңқты ғалым Ақжан Машанидің орны бөлек. Фарабитанушы өз зерттеулерінде ұлы ғұламаны Абай арқылы танығанын мәлімдейді. Ол, сондай-ақ қос ғұламаның идеяларынан үйлесімділік тауып, «Әл-Фараби мен Абай сынды данышпан ұлдары бар ел жарық сәуле жолынан адаспас. Әл-Фараби мен Абай жолы – тура жол», деп жазды.

Ұлы ойшылдың елімізге қайта оралған рухани мұрасы – біздің сарқылмас қазынамыз. Ол өзінің шығармаларына әділетті қоғам қалыптастыру, ізгі адам тәрбиелеу идеяларын арқау етті. Осы игі бастама Абайдың туындыларында жалғасын тапты.

Ғибратты ғұламаларымыздың ой-тұжырымдары бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Біз Тәуелсіздікке қолымыз жеткен соң Әл-Фараби мен Абай армандаған асыл мұраттарды жүзеге асыруға мүмкіндік алдық. Енді Ұлы даланың дара тұлғаларының туындыларын елімізде ғана емес, сондай-ақ жаһандық ауқымда дәріптеуіміз керек.

Әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі саналатын Ежелгі Тұран өңірі Азия мен Еуропаны географиялық жағынан ғана емес, сонымен қатар рухани және мәдени жағынан да байланыстырып келеді. Осы қасиетті топырақта туған Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Хорезми, Әбу Райхан әл-Бируни, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Иүгінеки және басқа тарихи тұлғалар өз заманында ортағасырлық түркі өркениетінің өркендеуіне зор үлес қосты.

Аталған ұлы ойшылдардың арасында Әл-Фарабидің орны бөлек. Ол ислам мәдениетінің ошағы болған Бағдад, Каир, Дамаск, Халеб қалаларында бүкіл саналы ғұмырын өткізді. Ғұлама ғалым ақыл-ойдың алыптары – Аристотель мен Платонның шығармаларын өз заманына сай талдап-түсіндірді. Әл-Фараби өзінің ғылыми еңбектері арқылы жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырып, ғылыми дүниетанымның интеллектуалдық деңгейін жаңа биікке көтерді.

Әл-Фараби ислам өркениетінің «алтын ғасырын» дамытуға үлкен үлес қосты. «Қайта өрлеу» дәуірінің алғашқы кезеңінде Фараби еңбектері латын тіліне аударылып, Европа жұртшылығына танылды. Сол арқылы бүкіл адамзаттың рухани қазынасына айналды.

Ілгергі дәуірде Әл-Фарабиді туған елімен байланыстыру, жан-жақты зерттеп-зерделеуге мүмкіндік болмады. Ұлы ұстаздың есімі қазақ жұртына белгілі болған кезден бастап, оның мұрасы ұлттық сананың оянуына және нығаюына ықпал етті. Фараби мұрасын ұлықтауға белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен зерттеушілер көп еңбек сіңірді. Кеңестік дәуірде Ғылым академиясында құрылған Әл-Фараби еңбектерін зерттейтін шығармашылық топқа көрнекті философ-ғалым Ағын Қасымжанов жетекшілік етті. Осы бастамалардың нәтижесінде Алматы қаласы Әл-Фараби мұрасын зерттеуді үйлестіретін ғылыми орталыққа айналды. Атқарылған жұмыстар шетел ғалымдары арасында да кеңінен танымал болды.

XX ғасырдың 60-70 жылдарында қазақ оқымыстыларының табанды зерттеулерінің арқасында ұлы ойшылдың еңбектері Қазақ еліне оралды. Осылайша «екінші ұстаз» туған топырағымен қайта қауышты. Әрине, бұл айтуға ғана оңай. Өйткені сол тұста көптеген елдерде әл-Фараби секілді әлемдік деңгейдегі ірі тұлғаны өздеріне қарай икемдеу үрдісі жүріп жатты. Ғалымдарымыз қажырлы еңбегі мен ғылыми дәлелдемелері арқылы Әл-Фарабидің қазақ жерінің тумасы екенін әлемдік қауымдастыққа мойындатты.

Еліміз тәуелсіздік алған соң ұлы ұстаз тұлғасының ой-санамызда және күнделікті өмірімізде берік орнығуына кеңінен жол ашылды. Мемлекеттігіміздің символына айналған ұлттық валютамызда Әл-Фараби бейнесі көрініс тапты. Арнайы ғылыми-зерттеу орталықтары құрылып, ғалымның шығармаларын зерттеу ісі жүйелі түрде жүргізіле бастады. Мектеп бағдарламасына әл-Фараби және оның мұрасы жөнінде мәліметтер енгізілді.

Әбу Насыр әл-Фараби есімін иеленген Қазақ ұлттық университеті ғұламаны дүние жүзіне танытуға барынша үлес қосуда. Халықаралық әл-Фараби ғылыми орталығы құрылды. Мұндай орталықтар әлемнің бірқатар елінде ашылды. Қазақ елі ұстаз алдындағы борышы мен парызын өтеу мақсатында оның сүйегі жатқан Дамаск қаласында мәдени кешен тұрғызды. Сондай-ақ Фарабидің адамзат өркениетінің даму тарихындағы өзіндік орнын айқындау үшін жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Биыл Әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуде. Ұлы ғұламаның мол мұрасын мұқият зерделеп, оның терең философиялық ой-тұжырымдарын өскелең ұрпақ тәрбиелеу, ізгілік қағидаттарын дәріптеу ісіне тиімді пайдаланған жөн. Бұл – басты міндетіміздің бірі.

## ТӘРБИЕ ТАҒЫЛЫМЫ

Әлемнің ұлы ойшыл-философтары әр дәуірде бақытты өмір, бақуатты тұрмыс мәселелері жөнінде ой толғаған. Солардың ішінде Әбу Насыр әл-Фарабидің осы тақырыпқа арналған «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында» атты еңбектерінің орны бөлек. Ол өз шығармаларында адамзат өміріндегі ең өзекті мәселе – бақыт идеясын ұсынады. Ғұлама ғалым адам бақытын басты орынға қояды. Бақыт дегеніміз – өмірден ләззат алу емес, әрекетшіл ақыл-парасат арқылы мақсатқа жету екенін айтады. Фараби бақытқа кенелу формуласын «Адамның өзін өзі жетілдіре отырып, кемелдікке жету жолы» деп көрсетеді.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығына орай, ұрпақ санасына ата-бабадан мирас болып келе жатқан адами қасиеттерді, рухани құндылықтарды шымшымдап сіңіре беру керек. Бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған жөн. Өйткені әр перзент – еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы.

Әл-Фараби адамның өзін өзі жетілдіріп, кемелдікке келу жолында отбасының ерекше рөл атқаратынын айтқан. Үлгілі отбасында тәрбиеленген азамат сол ізгі қоғамның, қайырымды қаланың қадірлі тұрғыны болмақ. Отбасындағы күнделікті жақсы әдет тұрақты қасиетке айналса, бақытқа жетудің алғашқы қадамы жасалмақ.

Әр отбасының береке-бірлігін, әл-ауқатын нығайту – аса маңызды міндет. Отбасы институтын әлеуметтік қорғау және қолдау арқылы азаматтарымыздың жақсылыққа жетуіне жол ашатынымыз анық.

Қазіргі таңда дамыған мемлекеттер, ең алдымен, азаматтардың табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуға баса мән береді. Бүкіл мемлекеттік аппараттың тиімділігі осы көрсеткіш бойынша бағаланады. Біз бақытты отбасын құруға, денсаулығы зор және саналы ұрпақ тәрбиелеуге жағдай жасауымыз керек. Сол себепті, бүгінде отбасы институты мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыратын негізгі мәселеге айналды. Ұлтымыздың басты капиталы – озық ойлы әрі рухани тұрғыда кемелденген азаматтарды тәрбиелеп өсіру осыдан бастау алады.

Егемен елімізді одан әрі өркендету үшін отбасы институтын әлеуметтік саясатымыздың өзегіне айналдыруымыз керек. Азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесі отбасын құру, оны нығайту және оған жан-жақты қолдау көрсетуге негізделуге тиіс.

Жыл сайын адами құндылықтарды жаңғыртуға, үлгілі отбасыларды дәріптеуге және оның мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Мұндай байқаулар отбасы институтын нығайтуға, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия Фараби ілімінің бақытты отбасы моделін ұзақмерзімді стратегияға айналдырғаны дұрыс болар еді.

Ұлы ойшылдың пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу хақындағы ой-тұжырымдары ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Сондықтан жас ұрпаққа білім мен ғылымды ғана үйретіп қоймай, жан-жақты тәрбие беріп, адами қасиеттерді сіңіру аса маңызды. Мұндай ізгі ұмтылысқа, ең алдымен, мемлекет мүдделі әрі жауапты болуға тиіс. Бұл орайда Білім және ғылым министрлігі білім мен тәрбиені қатар өрістету ісін жандандыра түскені абзал деп ойлаймыз.

Тәлім-тәрбиенің кілті ақыл-парасаты мол ата-ананың ғана емес, білімі терең, тағылымы тамырлы ұстаздың да қолында болады. Адам баласы жақсылыққа жету жолында, Әл-Фараби тілімен айтқанда, «ақылгөй ұстазға зәру». Бұл зәруліктің орнын білікті педагогтер, ұлағатты ұстаздар даярлау арқылы толтыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, біз қоғамда қажетті реформаны жүзеге асыра бастадық. Парламент «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдады. Бұл заң көптеген жаңа қадамдарға жол ашады. Сондықтан барша мұғалім еңбегін бағалап, педагог мәртебесін арттырып, «ұстаз» деген ұлағатты ұғымды қадірлеуіміз керек.

Әл-Фараби нұсқағандай, бақытқа кенелудің кепілі – орнықты мінез-құлық пен ақыл-парасат. Сонымен қатар ұлы кемеңгер адамның жетілуі оның денсаулығына тікелей байланысты екенін айтады. Халқымыз «Тәні саудың – жаны сау» дейді. Ендеше, біз әр азаматтың дені сау болуына жете назар аударуға тиіспіз. Данышпан ойшыл ержүректілік пен қайсарлықты да жоғары бағалайды. Әр адам қауіпті сәттерде айналасын, елін қорғап қалуға дайын тұруы қажет. Бұл қасиет адам бойына бала күнінен даруы керек. Демек, біз патриоттық тәрбиеге де баса мән бергеніміз жөн.

Әл-Фараби жақсылыққа жету жолдарын көрсеткенде үнемшілдік пен ысырапшылықты назардан тыс қалдырмайды. Ол сондай-ақ шектен тыс рахатқа бөлену тойымсыздыққа, қомағайлыққа соқтыратынын ескертеді. Ал қомағайлық жемқорлыққа әкеледі. Бұл да – ел дамуын тежейтін аса қатерлі індет. Мемлекетіміз мұндай кеселмен толассыз күрес жүргізуі керек. Қоғамның әр саласындағы жемқорлыққа жол бермеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Дала данышпаны адам бойындағы теріс мінез-құлықтың рухани кесел екенін атап көрсетті. Оның осыдан мың жылдан астам уақыт бұрын айтқан сөзі әлі де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Өкініштісі, біздің қоғамда әлі күнге дейін ұлт дамуына кері әсер ететін іштарлық, аяқтан шалу әрекеттері етек алуда. Осындай қасиеттерден арылу үшін Әл-Фараби ілімін білім бағдарламаларына енгізіп, қоғамда кеңінен насихаттау ісін қолға алу қажет.

Кемеңгер ойшыл бақытқа жету жолын саралаған кезде мәрттік туралы ойын ортаға салады. Бұл үрдіс те бізге үлгі-өнеге болуға тиіс. Жетімін жылатпаған, жесірін жерге қаратпаған қазақ еліндегі жомарт жандардың дәстүрлі қайырымдылық қызметінің жаңа деңгейде жалғасуына өріс ашу керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың пікірінше, «қайырымдылық пен волонтерлік қызмет – патриотизмнің жарқын көрінісі және озық үлгісі». Биылғы Волонтер жылында еріктілердің игі бастамаларына баршамыз куә болдық. Отандастарымыздың қайырымдылық шараларына және волонтерлік жобаларға белсене атсалысуы – соның айқын дәлелі. Еріктілер мен жомарт жандар пандемия кезінде мұқтаж адамдарға айтарлықтай қолдау көрсетті. Біз қайырымдылықпен және волонтерлік қызметпен айналысуды барынша қолдап, оны кеңінен дәріптеуіміз керек. Бұл да мемлекеттің күн тәртібінде тұрған негізгі міндеттің бірі.

Әл-Фараби адамдар арасындағы достық қарым-қатынасты да жақсылыққа жетудің жолы деп санайды. Қазақ халқы ешқашан достық пейілінен жаңылған емес. Бұл – отандастарымыздың ұлтына, нәсіліне қарамай, тату-тәтті өмір сүруінің кепілі. Осыған орай, біз достық қатынастарды одан әрі нығайтатын іс-шараларды тұрақты түрде жүргізе береміз. Жалпы, мемлекетіміз елдің тұрмысына жайлы, лайықты орта қалыптастыруға ерекше мән береді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жыл сайын әлем елдерінің бақыттылық деңгейінің рейтингін әзірлейді. Бақыт индексінің басты мақсаты – халықтың рухани даму сапасын, тұрмыс ахуалын айқындау. Осы өлшемдер жиынтығы бойынша Қазақстан былтырғы халықаралық рейтингте 60-орынды иеленді. Бұл ұлы ғұламаның атажұрты саналатын біздің еліміз үшін, әрине, жеткіліксіз. Демек, Үкімет бұл бағытта нақты жұмыстарды одан әрі қолға алса нұр үстіне нұр болар еді.

Сондықтан Қазақстанның әрбір азаматының жақсылыққа жету жолында өзін өзі жетілдіріп, ел дамуына үлес қосу үшін әл-Фараби идеяларымен қарулануы аса өзекті мәселе болып қала бермек.

Ғұламаның бақыт философиясы азаматтық қоғамды өркениетке жетелейтін ақыл-парасат бағдары болуға тиіс.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ

Адамзат өзінің даму тарихында кемел қоғам құруды ғасырлар бойы армандап келеді. Батыс және шығыс ойшылдары әр дәуірде адамгершілік, білімділік, әділеттілік, гуманизм мәселелері туралы ой толғады. Мінсіз қоғам туралы еңбектер жазылды. Мемлекеттік басқарудың тиімді формаларын іздеу барысында әртүрлі модельдер ұсынылды.

►►*3-бетте*

# ӘЛ-ФАРАБИ ӘЛЕМІ және ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН

*(Соңы. Басы 2-бетте).*

Соның ішінде Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қала – қайырымды қоғам туралы ілімі аса құнды. Біз қазір коронавирус індетіне қарсы бүкіл адамзаттың күш біріктіруі аса маңызды екенін көріп отырмыз. Бұл ахуал жалпыадамзаттық «қайырымды әлем» ұғымы қаншалықты өзекті екенін аңғартады. Осы орайда Әл-Фарабидің бүкіл адамзатқа арнаған «Адамдар бақытқа тек біріге отырып қол жеткізе алады» деген сөзі баршамыз үшін нақты бағдар бола алады.

Әл-Фарабидің пікірінше, «адамдарды бір-біріне көмектесу үшін біріктіретін қала – қайырымды қала, ал бақытқа жету жолында бір-біріне қол ұшын беретін қоғам – қайырымды қоғам». Мемлекетке қарағанда алдымен қоғам қалыптасқаны тарихтан белгілі. Ойшыл атап өткендей, қоғам мемлекетсіз бола алса да, мемлекет қоғамсыз бола алмайды. Осы орайда, еліміздегі азаматтық қоғамды дамыту үшін Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қоғам туралы идеяларын басшылыққа алуға болады.

Әл-Фарабидің әлеуметтік көзқарастары азаматтық қоғамның және әділетті жүйенің қағидаттары мен құндылықтарын қалыптастыру үшін аса маңызды. Философ «Қайырымды адам және азаматтық қоғам қандай болуы керек?», «Мемлекеттік басқарудың әділетті жолы қандай?» деген сауалдарға нақты жауап береді. Ұлы ойшыл адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын және адамгершілік қасиеттерін жетілдіру арқылы жоғары парасаттылыққа жететінін айтқан. Сондықтан да ұлы кемеңгердің көзқарастары жаңа XXI ғасырда да өте өзекті деп санаймыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Президент лауазымын атқаруға кіріскен кезде әділеттілікті үш ұстанымның бірі ретінде ерекше атап көрсеткені белгілі. Әділеттілік – дамыған қоғамның және мықты мемлекеттің өзегін құрайтын қастерлі қағида. Бұл ұстаным, әсіресе, мемлекеттік деңгейде және қоғамдық өмірдің барлық саласында берік орнығуға тиіс.

Биліктің беделі әділдік арқылы ғана арта түседі. Халық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қабылдайтын шешімдердің әділ және ойға қонымды болуын талап етеді. Бұл – заңды әрі орынды талап. Осыны биліктің атқарушы, заң шығарушы органдарында және сот саласында қызмет ететін барлық қызметкерлер жете түсініп, бұлжытпай орындауы керек. Әр нәрсеге әділеттілік тұрғысынан қараған кезде ғана береке-бірлігіміз нығайып, мемлекетіміз өсіп-өркендейді. Әл-Фараби аманат еткен ой-тұжырымның бірі – осы.

Әл-Фараби еңбектерінен адамдардың бір қоғамда бірге өмір сүруі үшін қажетті адамгершілік қасиеттерге негізделген қағидаларды таба аламыз. Ол адам мен қоғамның біртұтастығы қоғамдық өмір мен жеке өмірдің үйлесімді дамуына байланысты деп түсінеді. Ғұлама ғалымның «қайырымды қоғамы» – қоғам мүшелері армандайтын әлеуметтік құрылым. Адамдар тек бір-біріне қолдау көрсету арқылы қайырымды қоғам құра алады. Мұндай қоғамда адамгершілік, әділеттілік, ақиқатқа құштарлық, ар-намыс, еңбекқорлық дәріптелмек. Адамдардың бір-бірімен және сыртқы ортамен байланысы, қоғам мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы осы құндылықтар негізінде қалыптасады.

Бүгінде Әл-Фарабидің «қайырымды қоғам» ұстанымындағы әділеттілік, қоғам мүшелеріне тең мүмкіндік беру жөніндегі қағидаттары біз үшін аса маңызды. Оның ілімі бойынша, кез келген жетілген қоғамның мақсаты – елін надандық, жемқорлық, дұшпандық сияқты жағымсыз әрекеттен қорғау. Ойшылдың пікірінше, мемлекеттік басқарудың әділеттілігі азаматтардың еркін жетілуіне жол ашады. Осы идеяны басшылыққа алсақ, құқықтық мемлекет құру жолында әрбір азаматтың қоғамдағы орны мен елдің дамуына қосқан үлесі ескерілуге тиіс. Өйткені меритократия қағидаттарын сақтау арқылы азаматтық қоғам қалыптасатынын дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-саяси ұстанымының бүгінгі қоғам дамуымен үндесетін тағы бір тұсы – көшбасшы тұлғасы. Ол көшбасшының он екі қасиетін анықтап берген. Қазіргі заманда Әл-Фарабидің бұл көзқарасы да аса бағалы. Біз мемлекеттік шешімдердің әр азаматқа игілік әкелуі үшін түрлі деңгейдегі басшыларға үлкен жауапкершілік жүктелетінін білеміз. Ұжымның үлкен-кішілігіне қарамастан, жалпы қоғамдағы жағдайдың өзгерісі басшыға және оның көшбасшылық қасиетіне тікелей байланысты болады.

Көшбасшы өзінің қабілет-қарымымен және іс-әрекетімен қоғамның басқа мүшелеріне үлгі болуға тиіс. Сол себепті мемлекеттік қызметке кадрлар іріктеу барысында Әл-Фараби атап көрсеткен «мінсіз көшбасшы» идеалын басшылыққа алған жөн. Елімізде президенттік кадрлық резерв жасақтау үшін өткізілген үздік жас мамандар байқауы осы мүддеден туындаған еді. Әртүрлі деңгейдегі басшының, мемлекеттік қызметшінің «фарабилік тұжырыммен» үндес заманауи моделін қалыптастыру – ғұлама ұстаздың аманатын орындаудың бір көрінісі. Сондықтан ең үздік мамандарды кәсіби біліктілігімен қатар адамгершілік қасиеттеріне қарап іріктеп алуымыз қажет. Дәл осы ұстаным Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында айтылған мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісінің өзегін құрауға тиіс.

Ойшылдың үйлесімді қоғам теориясы, саясат пен мораль сабақтастығы туралы ойлары ел Президентінің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен үндеседі. Сондай-ақ Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігіндегі Парасаттылық департаменті қоғамдағы әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету үшін құрылды. Бұл – өркениетті ел болу, демократиялық үрдістерге көшу жолындағы маңызды қадам.

Қайырымды қоғамда азаматтардың және ұжымның таңдауы мен қалауына қолайлы жағдай жасалады. Әл-Фарабидің осыған саятын бұл пікірі мемлекет, азаматтық сектор және үкіметтік емес ұйымдар арасындағы қарым-қатынас логикасын өзгерту, сондай-ақ азаматтық қоғаммен әріптестік орнату міндеттері қойылған қазіргі кезеңде ерекше маңызды болып отыр. Қазақстан осындай өзара серіктестік арқылы қоғамның сұранысына жауап беріп, алға ілгерілейді.

Президент жанынан құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің негізгі мақсаты – мемлекет пен қоғам арасындағы кедергіні жою және түйткілді мәселелерді мәміле арқылы шешу. Бұл құрылымның мақсаты да ойшылдың идеяларымен өзектес. Әл-Фараби философиясынан мәдениетаралық сұхбаттың саяси моделін табуға болады. Татулықтың тиімді алаңына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы әлеуметтік-саяси үдерістерге ұлттық, діни және мәдени ерекшеліктерге қарамастан, тең дәрежеде қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етіп отыр. Бұл бағытта қабылданған заңдар қоғамдық бірлестіктердің рөлін арттыра түседі.

Азаматтық қоғам мен мемлекет қарым-қатынасының барлық формасы әлеуметтік жүйенің өзін-өзі басқаруына, реттелуіне жол ашуға тиіс.

Әл-Фарабидің қайырымды қоғам идеясы – өркениет өнегесі, елдіктің өзегі, мемлекеттіліктің тұғыры. Қайырымды қоғам әділетті басқаруға негізделсе, әрбір қоғам мүшесінің жағдайы түзеледі. Осыған орай біз де әділдікті басты назарда ұстап, бірлігі жарасқан халқымыздың ынтымағын арттыра беруіміз керек.

## ӨРКЕНИЕТ ӨНЕГЕСІ

Адамзат өркениеті қайда беттеп барады? Бізді алдымызда не күтіп тұр? Бұл – көптеген ойшылдар мен саясаткерлерді толғандыратын сауалдар. Дәл қазіргі сәтте ұлы ғұламаның адамзатқа қарата айтқан ізгі қоғам туралы ілімінің өзектілігі артып келеді. Әл-Фараби – өркениет философы, әлем кеңістігіне асқар биіктен көз салған ұлы тұлға. Оның рухани құндылықтар мен игі мұраттарға негізделген идеялары мемлекетті әділ басқаруға және қоғамды кемелдендірудің өркениетті парадигмасын қалыптастыруға негіз бола алады. Бұл идеялар заманауи адамзат өркениетінің басты ұстынына, әлемдік қоғамдастықтың қауіпсіздігі мен қалыпты өмірін қамтамасыз ететін қағидаға айналуға тиіс. Тек осылайша ғана адамзат дамуына аса қолайлы бейбіт кезеңге жетуге болады. Ұлы өркениет философының үніне барлық адамзат баласы құлақ түруге тиіс!

Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап, әлемдік деңгейдегі бірқатар басқосуларға мұрындық болып келеді. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Елбасының ядролық қарусыз әлем жөніндегі бастамасы – соның айқын дәлелі. Қазақстанда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен Ислам ынтымақтастығы ұйымының саммиттері, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі жоғары деңгейде өтті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Еуразиялық экономикалық одақ ауқымын кеңейтіп, халықаралық аренадағы беделін арттырды. Қазақстан әлемдегі қақтығыстар мен шиеленісті мәселелерді шешу жолында Әл-Фараби ұсынған ізгілік пен ынтымақтастық қағидаларына сай маңызды қадам жасап, күш жұмылдырып келеді.

Ғылым мен мәдениет саласындағы айтулы жетістіктер өркениет дамуының қозғаушы күші екені белгілі. Кез келген халықтың тарихтағы орны ғылыми-технологиялық, инновациялық және мәдени даму үрдісіне қосқан үлесі бойынша айқындалады. Осы орайда, біз ата-бабамыздың жылқыны қолға үйрету мәдениетін қалыптастырып, металл өңдеуді дамытқанын зор мақтанышпен айта аламыз. Орталық Азия аймағының әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі бүгінде отандық қана емес, шетелдік зерттеушілердің де қызығушылығын тудырып отыр. Әл-Фараби әлемді тануға және адамзат өркениетінің дамуына зор еңбек сіңірді. Ұлы философтың ілімі этика ілімдерінің негізіне айналды.

Бүгінде әлем экономикасы технологиялық бағытта дамып келеді. Төртінші өнеркәсіптік революцияның негізін құрайтын үлкен деректің, заттар интернетінің, киберфизикалық жүйелердің, блокчейн технологияларының маңызы арта түсті. Дәлірек айтқанда, жаңа ғылыми технологиялар арқасында барлық дамыған елдер зияткерлік ресурстарға бейімделді. Өркениетті мемлекеттер ауқымды ақпараттық технологияларға негізделген «білім экономикасына» бағыт алып, инновациялық серпіліс жасауда. Бұл – жалпы әлемдік үрдіс, уақыттың тарихи сынағы және басты талабы. Тек инновациялық даму ғана еліміздің тұрақты өркендеуін және ұлттық экономиканың әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алады.

Мемлекет басшысы былтырғы және биылғы Жолдауында еліміздің ғылым саласын дамыту мәселесіне баса назар аударды. Біз экономиканы жаңа ғылыми әзірлемелер арқылы ғана өркендете аламыз. Дамыған мемлекеттер білім мен ғылымның арқасында көш бастап келеді. Сондықтан осы салаға жағдай жасау – кезек күттірмейтін маңызды міндет. Осы орайда Үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету және «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлу жөніндегі мәселе жоғары деңгейде қарастырылуда. Ғылым қаржыдан таршылық көрмеуі керек. Өйткені елді мұратқа жеткізетін саланың бірі – осы. Ұрпақтарымыздың ғылым-білімнен ешқашан алыстамағаны жөн. Әл-Фарабидің сан ғасырлық тағылымы бізге осындай аманат жүктейді.

Инновациялық экономиканы дамытудың негізгі факторы – адам капиталы. Бұл ретте ғылым мен білім беру жүйесінің рөлі зор. Осы жаңа технологияларды дамытатын жоғары оқу орындарына ерекше мән бергеніміз жөн. Қазақстанның университеттері әлемдік рейтингтерде алдыңғы қатарға шығып, дүниежүзілік кеңістікте беделді орындарды иеленуі керек. Осыған орай, алғашқы жоба ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу алқабы іске асырылатынын атап өтуіміз керек.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, зерттеу университеттері негізінде қалыптасқан жоғары технологиялық ареалдар (алқаптар, технополистер, өндіріс кластерлері және т.б.) кез келген елдің инновациялық жүйесінің негізгі элементі екенін көреміз. Сонымен қатар олар өз мемлекеттерінің тұрақты дамуына тың серпін бере алады.

Экономикасы дамыған елдер мемлекеттің, университеттің, бизнес өкілдері мен қоғамның күш-жігерін біріктіру арқылы жаңа білім жүйесі мен озық технологияларға қол жеткізіп отыр. Еліміздің білім саласында көрсететін қызметтерінің экспортын ұлғайту және отандық ғалымдардың ғылыми-инновациялық әзірлемелерін жүзеге асыру мақсатында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының филиалын Сирияның Дамаск қаласынан ашу көзделуде. Шетелде ашылған осындай он екі филиал Қазақстанның тарихи және мәдени байланыстарын нығайтуға үлес қосуда. Келешекте осындай орталықтарды көбейтуіміз керек.



Әбу Насыр әл-Фараби – соңына баға жетпес мол мұра қалдырған ғалым. Соның біразы дүние жүзінің түрлі кітапханалары мен қолжазба қорларында жатыр. Бұл ғаламат жәдігерліктерді барынша түгелдеп, өз тілімізге аударып, жан-жақты зерттеп-зерделеу қажет.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев «...Дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр» деген болатын. Сондықтан Әл-Фараби есімі Қазақ елі үшін қашанда әлемдік бренд болып саналады.

Осылайша, Әл-Фараби ілімін жоғары технологияны дамыту, адами капиталымыз бен бәсекеге қабілеттілігімізді арттыру және адамзат өркениетінде лайықты орын алу үшін тиімді пайдалануымыз керек. Бұл – бәріміз үшін маңызды міндет.

* * *

Міне, тағылымы мол тарихи жыл да аяқталып келеді. Түгел істің түйінін жасайтын, мерейтойлық жылдың қорытындысын шығаратын да уақыт таяды. Бұл орайда Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойын өткізудің басты мақсаты – ұлы ойшылдың мұрасын, оның әлемдік өркениет тарихындағы рөлін айқындау, Әл-Фарабиді ұлттық бренд ретінде ілгерілету болғанын атап өтуіміз керек. Жыл бойы Әл-Фарабидің ғылымның рөлі, ізгілік, этикалық кемелдік туралы идеяларына негізделе отырып халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейлерде қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, салалық, кәсіби кешенді іс-шаралар жүзеге асырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Дана бабамыздың еңбектерінің факсимелерін әлем кітапханаларынан жатпай-тұрмай іздеу, табу, қазақ ойының, қазақ ғылымының басты міндеті саналуы тиіс... Жаңа Қазақстанның жаңа ұрпағы қастерлі бабамыздың еңбектеріне адал, әм берік ниетпен қарайтынына сенім мол. Әл-Фарабидің теңдессіз еңбектері Дешті-Қыпшақ руханиятының қайнар көзі болғанын қашанда жадымызда ұстайық» деген міндеттері басшылыққа алынды.

Атап өтер жайт, Фараби бабамыздың парасатты ғұмыры бүгінгідей жаһандану заманында жас ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп өсіру жолында үлкен үлгі-өнеге. Ұлы философ бала кезінен сол замандағы өркениеттің іргелі орталықтары Бұқара, Самархан, Мерф, Бағдат, Харран, Рей, Каир, Алеппа және басқа да ірі шаһарларда ұдайы білімін жетілдіріп отырды. Ғылым, білім іздеп, жаһанды шарлаған ойшыл түркі, араб, парсы тілдерімен қатар грек, қытай, латын, санкскрит және басқа да ғылым дамыған тілдерді меңгереді.

Қазіргі уақытта Әл-Фараби ойлары мен тұжырымдарының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Сондықтан да биылғы барша мерейтойлық іс-шаралар ұлы ойшылдың рухани мұрасын насихаттауға, зерделеуге, оның ғылыми және әлеуметтік-мәдени маңызы бар инфрақұрылымдық объектілерін құруға, сондай-ақ Әл-Фарабиді мәңгі есте қалдыруға бағытталды.

Ойшылдың еңбектерін тәржімалау жұмыстары қолға алынды, Әл-Фараби туралы жаңа кітаптар жарыққа шықты, ұлы ғалым туралы деректі фильмдер жасалды. Бұқаралық ақпарат құралдарында Әл-Фарабиге арналған хабарлар циклі, тақырыптық айдарлар мен бөлімдер ұйымдастырылды.

Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасын және оның қазіргі әлемдегі өзектілігін талқылау түрлі елдердің ғалымдары мен әлемнің жетекші фарабитанушыларының ірі халықаралық конференцияларда талқыланатын тақырыпқа айналды. Әл-Фарабидің шетелде жаңа орталықтары ашылды.

Біз ұлы бабамыздың ғылыми жаңалықтарын жаңа ғасырдың сұранысына сай зерделеуге де бас мән беріп келеміз. Әл-Фараби мұрасының аясында жасанды интеллект, этика және рухани дамумен байланысты проблемаларды зерделеу бойынша пәнаралық жобаларды қолдауға қаржы бөлінді. Жоғарыда айтылғандай, Қазақ ұлттық университетінде Әл-Фарабидің ғылыми-технологиялық алқабын құру жөніндегі жобаға бастама жасалды, ол инвестициялар тартуға, технологиялардың дамуына қуатты серпін беруге және отандық ғылым мен білім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Түркістан облысындағы Әл-Фараби мұрасын жаңғырту және Отырар қалашығын ірі туристік кластер ретінде қалпына келтіру бойынша бірқатар іс-шаралар кешені өткізілді. Ізгі қоғам туралы Әл-Фарабидің идеясын креативті және өзгеше түрде насихаттауға бағытталған жастар бастамалары қолдау тапты.

Таяуда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде біз осы үлкен жұмыстың қорытындысын шығардық, соның арқасында Әл-Фарабидің бейнесі мен мұрасын қоғамдық қабылдау едәуір алға жылжыды.

ҚазҰУ мен қазақстандық ғылыми қоғамдастықтың бірегей мықты командасының арқасында Әл-Фараби жылы аясындағы ғылыми миссионерлік қағидаттарға негізделген көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды.

Ел Президенті халыққа жасаған биылғы Жолдауында «ұлттың жаңа болмысын» қалыптастыру бойынша баршамыздың алдымызға аса маңызды міндет қойды. Бұл орайда, кез келген бәсекелестікке төтеп беретін әрі ұлтымыздың ұлы қасиеттерін бойына сіңірген ұрпақ қалыптастыруда Әл-Фараби бабамыздың мұраларын жастардың бойына барынша сіңірудің мәні ерекше зор!

Сонымен қатар ұлы ойшыл дүниеге келген Ұлы Дала төсінде отандық ғылымды өркендету де өте өзекті мәселе. Өздеріңіз білесіздер, Әл-Фараби бабамыз осыдан мың жылдан астам бұрын дүниенің мәңгілігін, танымның болмысқа тәуелдігін айқындап парасат туралы ілімді сараптап, саралады. Сол замандардың өзінде дала кемеңгері «Ғылымдар тізбегі», «Бесінші трактат», «Медицина каноны», «Қайырымды қала», «Риторика», «Бақытқа жол сілтеу», «Вакуум туралы» және басқа да ондаған іргелі еңбектер жазғанын ескерсек, ұлы баба ұрпақтары қазіргі таңда тарихи әрі табиғи сабақтастықты қамтамасыз етуге міндетті деп есептейміз!

Осыған орай Әл-Фарабидің мерейтойлық жылында өткізілген барлық іс-шаралар қазіргі заманғы білім беру, ғылым, инновация және халықаралық ынтымақтастық жүйесінің дамуына қуатты серпін беріп отырғанын айрықша атап өтуіміз керек. Әл-Фараби шығармашылығын пәнаралық зерттеу жандандырылды, соның арқасында әлемдік философия мен ғылым контекстінде Әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық көзқарастарының басты идеялары мен принциптерінің қазіргі мазмұнын анықтау бойынша жұмыс жалғасуда.

Сонымен бірге Әл-Фараби мұрасының негізінде адамның рухани-зияткерлік жетілуі парадигмасы мен ізгілікті қоғамды қалыптастыру стратегиясы аясында мемлекеттің жаңа түрін теориялық негіздеу міндеттері өзектендірілді.

Сонымен қатар 19 қазан күні Нұр-Сұлтан қаласында Әл-Фарабидің мерейтойына арналған қисынды аяқталу шарасы – халықаралық форум онлайн тәртібінде өтті. Оған Біріккен Ұлттар Ұйымының, ЮНЕСКО-ның өкілдері, Иран, Түркия, Әзербайжан, Ұлыбритания, Мысыр, Израиль және т.б. елдердің билік өкілдері, министрлер, дипломаттар, жоғары оқу орындарының ректорлары, белгілі ғалымдар қатысты.

Қорыта айтқанда, мерейтойлық жыл Қазақстан және дүние жүзінде адамзаттың дамуы үшін Әл-Фараби мұрасының маңызын қайта ашып, жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Осы жылы ұлы ойшылдың мұрасын насихаттаудағы қол жеткізілген жетістіктер міндетті түрде жаңа да жасампаз ғылыми жобаларға жол ашатыны анық. Әл-Фарабиді зерттеу, және мәңгі есте қалдыру жөніндегі баршамыздың алдағы ортақ жұмысымыз арқылы біз ғұлама ғалымның қазыналы мұрасын әлемдік мәдениетте жаңа Қазақстанның жарқын бренді ретінде лайықты көрсете аламыз.

* * *

Әбу Насыр әл-Фараби – бір ұлттың шеңберінен шығып, бүкіл адамзат биігіне көтерілген қайталанбас тарихи тұлға! Оның рухани әлемін тану – адамзаттың мың жыл бұрынғы парасат-пайымын тану ғана емес. Бұл дегеніміз – бүгінгі болмысымыздың қай деңгейде екеніне көз жеткізу, сол туралы ой толғау, осыған орай жаңа заманның сын-қатерлеріне лайықты жауап іздеу.

Әл-Фараби ілімі бізді әлемдік өркениет жолындағы «Бақытты адам – қайырымды қоғам – қуатты мемлекет» жүйесін құруға жетелейді.

Біздің алдымызда тұрған зор міндет – ғұламаның әлем мойындаған өмірлік қағидаларын қазіргі заманға сай қолданып, ақыл-ой биігіне көтерілу, елімізді дамыған озық елдердің қатарына қосу. Сондықтан Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы рухани өміріміздің қарқынды дамуына зор серпіліс беретін, сондай-ақ жалпыұлттық жаңғыруға жол ашатын игі бастама болатынына сенімдіміз!

Әл-Фарабиді таныту – Қазақстанды әлемге таныту!

РУХАНИ КЕЛІСІМ КҮНІ



# ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

***Еліміздегі мызғымас татулық пен берік бірліктің негізгі ұйытқысындай болған Рухани келісім күні қарсаңында Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров шаһарымыздағы діни бірлестіктер мен этномәдени орталықтардың басшыларын бір үстел басына жинады. Бүгінде қаламызда 9 діни бірлестік пен 8 этномәдени орталық бар. Олардың қай-қайсысы болмасын Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған ынтымақ жалауын әрдайым биікте ұстап келеді.***




– Жыл сайын 18 қазанда еліміз рухани келісім күнін атап өтеді. Осы айтулы күннің негізі 1992 жылдың қазан айында Алматы қаласында өткен Дүниежүзілік Рухани келісім конгресінің бірінші сессиясында қаланған болатын. Ұлтаралық және конфессияаралық келісім – қазақстандық қоғамда бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал ететін біздің басты игілігіміз. Мәдениетаралық және дінаралық диалог – бүгінгі таңда Қазақстан Үкіметінің тек ел ішінде ғана емес, бүкіл әлемдік қоғамдастық шеңберінде жүзеге асырып отырған саясат векторларының бірі, – деген Қайрат Бектайұлы жиын барысында індет жайлаған қиын кезеңде жұдырықтай жұмылған барша қала тұрғындарына, денсаулық сақтау, құқық құрғау органдары мамандарына және волонтерлар қозғалысы өкілдеріне алғысын білдірді.

– «Адамның күні адаммен» деген дана халқымыз әуел бастан-ақ татулықты берік ұстанған. Қаншама қиын-қыстау күндерде соңғы нанын өзгелермен бөлісіп, адамшылық жолынан айнымаған. Достықты бәрінен биік қойған. Хақ жолынан, адалдық, ар жолынан адаспаған. Бүгінде елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері ұлтына, дініне қарамастан бір үйдің баласындай жақын араласып, біте қайнасып өмір сүруде. Болашақта да осынау жарқын күндерімізден айнымай, амандықта жүздесуді жазсын, – деді одан әрі мерекелік құттықтау лебізімен бөліскен Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған мешітінің найб имамы Дархан Бейсенбаев.

Шара соңында қала әкімі барлық діни бірлестіктер мен этномәдени орталық басшыларына Алғыс хаттарын табыс етті.

**Ай СҮГІР**

***Мемлекет басшысы Қасым- Жомарт Тоқаев өткен жылы көп балалы отбасыларына мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөліп, қамқорлық жасау мәселесін алға қойған болатын. Осы міндеттен қала құраушы кәсіпорын ретінде «Қазақмыс» корпорациясы да сырт қалмай, әлеуметтік жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсетуде. Соның айғағындай жақында корпорация өз салаларында жұмыс істейтін көп балалы еңбеккерлер үшін төрт бөлмелік 15 пәтер сатып әперді.***

# КӨП БАЛАЛЫЛАРҒА «ҚАЗАҚМЫСТЫҢ» ҚАМҚОРЛЫҒЫ



«Қазақмыс» өткен жылы да көп балалы отбасыларына Жезқазған қаласынан 5, Сәтбаев қаласынан 5 пәтердің кілтін табыстаған еді. Бұл жолғы пәтерлер Сәтбаев қаласындағы жаңадан бой көтерген, қазіргі жобаларға сай салынған үйден берілді. Кең де көрікті баспанаға ие болушылардың қуанышында шек жоқ. Барлық пәтерлер қажетті жиһаздармен және тоңазытқыш, қысқа толқынды пеш, кір жуатын машина сияқты тұрмыстық техникалармен қамтамасыз етілген. Баспаналы болғандар қатарындағы Әлия Мұңсызбаева корпорацияның электр жүйелері кәсіпорнында инженер болып істейді. Отбасында 5 бала тәрбиелеп отыр. Жезқазған мыс қорыту зауытында күйдіруші болып еңбек ететін Абзал Ерденовтің, мыс зауыты күкірт қышқылы цехының электрмен дәнекерлеушісі Есіл Жанәділовтің, жылу-энергетикасы кәсіпорны қазандық жабдықтарын жөндеуші слесарь Райымбек Әбдіхалықовтың және ЖТМ бойынша құрылыс-монтаж басқармасының жөндеуші-слесары Амандық Еркімбековтің отбастарында да 5 баладан бар. «Адал Еңбек» ЖШС слесарь-сантехнигі Бағдат Елібаевтың отбасында 8 бала өсіп келеді екен. Төрт бөлмелі пәтер кілтіне ие болған оның зайыбы Гүлнар Елібаева игі бастамаға қолдау танытып отырған «Қазақмыс Холдинг» ЖШС басшылығына барлық көп балалы аналар атынан шынайы алғысын жеткізді.

Көп балалы жұмысшылардың отбасыларына пәтер кілтін тапсыру салтанатына «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің даму жөніндегі директоры Бақтияр Қырықпышев қатысып, компанияның бұл бағыттағы игі істері алдағы уақытта да жалғаса түсетінін жеткізді. Оның айтуынша «Қазақмыс» топтары компаниясының 2020 жылға бекітілген бағдарламасы бойынша барлығы 133 еңбеккерге үй алып беру көзделген. Бұл пәтерлер Жезқазған, Сәтбаев қалаларымен қатар, Балқаш және Қарқаралы өңірлеріндегі әлеуметтік қорғауға жататын отбасыларына берілетін болады.

Көп балалы отбасыларына қамқорлық жасау жалғасын тауып, осы аптада 41 отбасы Жезқазғаннан төрт бөлмелі пәтерлерге ие болды.

**Амандық РАХҰЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

***Қаламызда апатты деп танылған көп қабатты үйлер тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар қабылданып жатқаны белгілі. Бүгінде осындай апатты деп танылған үйлердегі 68 пәтерді босатуға бағытталған жұмыстар жүріп жатыр.***

# АПАТТЫ ҮЙЛЕР ТҰРҒЫНДАРЫ ӨТЕМАҚЫ АЛА БАСТАДЫ



Қалалық тұрғын үй инспекциясының хабарлауынша, бүгінде апатты деп танылған үйлердегі 68 пәтердің иесімен түсіндіру жұмысы жүруде. Олардың 49-ы бүгінде бағалаушылардың тағайындаған бағасымен келісіп, үйлерінің құжаттарын тапсырған. Қазір тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары және жолаушылар тасымалы бөлімі арқылы 37 пәтер иесіне өтемақы аударылды. Олардың алды жаңа қонысқа көшіп, ескі пәтерлерінің кілтін жергілікті әкімдікке табыстады.

Бүгінде 49 пәтердің иесі заңнамаға сай құжаттарын рәсімдеп, тапсырып үлгерді. Оларға тиісті өтемақыларын аударып жатырмыз. Сонымен бірге тағы 10 пәтердің құжаты рәсімделуде. Осы жерде бір айта кететін мәселе, иелері басқа аумаққа көшіп кеткен кей пәтерлердің сенімхаттары уақытылы дайын болмай біршама қиындық туындады. Сонымен қатар, 3 пәтерге қарызына байланысты тыйым (арест) салынған. Сол тыйым алынбай, иелері пәтерлерін бізге тапсыра алмайды, яғни, оларға біз де өтемақы аудара алмаймыз, – дейді Жезқазған қаласы тұрғын үй инспекциясының басшысы Алиса Сағымбаева.

Тұрғын үй инспекциясы басшысының айтуынша апатты үйлердегі пәтерлердің иелеріне берілетін өтемақы жергілікті бюджеттен қарастырылған, жыл соңына дейін құжаттарын ойдағыдай рәсімдеген азаматтар тегіс өтемақысын алып, пәтерлерін босататын болады.

**Өз тілшіміз**



# ТЕАТР МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Аталған шараға республикаға белгілі актерлар Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Сағызбай Қарабалин, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Сәбит Әбдіхалықов, Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының қоюшы режиссері Жұлдызбек Жұманбай, С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының басшысы Құрман Қалымов, Хадиша Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының актері, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Ербол Есендосов, Ілияс Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрының актері Азамат Чукеев арнайы шақыртылған болатын. Спектакльден кейінгі қонақтар пікірін білгенді жөн көрдік.

**Сәбит ӘБДІХАЛЫҚОВ**

Жезқазғанға «Тамаша», «Бауыржан шоу» әзіл-сықақ театрларында жұмыс істеп жүргенде жиі келетінбіз. Соңғы рет 2013 жылы иллюзианист Алтынай Байтоқанова дүниеден өткенде сүйегін алып келгенмін.





Міне, содан кейін қуанышты жағдай себеп болып, қайтадан осы қалаға атбасын тірегініме қуаныштымын. Театрдың жаңа басшысы Досхан Сәкенұлы – менің шәкіртім. Осында басшылық еткен алғашқы күнінен бастап менімен ақылдасып, пікір алмасып отырады. Мен оның Алматыдағы «Штаттан тыс кеңесшісімін». Бүгінгі қойылым маған өте қатты ұнады. Досхан бұрын маған орынбасарлық еткен кездерден бері белсенділігімен, еңбекқорлығымен көзге түсті. Оның шетел театрларымен де байланысы жақсы. Болашақта Серке театрын да сырт елдерге шығарып, өзге жұртты Жезқазған өнерімен, мәдениетімен тәнті етеді деген ойдамын. Бүгінгі «Шыңғысханның ақ бұлты» қойылымына келетін болсақ, әртістердің біраз еңбектенгені байқалды. Мен С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театры еліміздегі облыстық театрлармен бәсекелесуге қабілетті өнер ордасы дер едім. Маған бүгінгі қойылымда Алтын рөлін сомдаған Меруана Жанботаеваның әртістік шеберлігі ерекше ұнады.

**Жұлдызбек ЖҰМАНБАЙ:**

Шалғайда орналасқан шағын театр ұжымының осындай мәнді де мағыналы туындыны шеберлікпен алып шыққаны таңқалдырмай қоймайтыны анық. «Шыңғысханның ақ бұлты» қойылымын сахнадан бірінші рет тамашалап отырмын. Тарих пен аңыз қатар келген күрделі қойылым екен. Ақ бұлт образына жан бітіргені ерекше болды. Маған ұжымдық ойын, олардың арасындағы байланыс ұнады. Бұл қойылымда әртістер білетін «Шығармашылық отбасы» жағдайы ерекше көрінді. Әсіресе, соғыс сахнасына көп күш жұмсалған. Жастар бойында энергия тасып тұр. Олардың әлі мол тәжірибе жинап, биіктерден көрінетініне, тек мысты шаһардың ғана емес, еліміздің атын шығара беретініне сенім мол.

**Дайындаған Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**








# САНИТАРЛЫҚ БЕКЕТ ҚОЙЫЛДЫ

***Коронавирус індетінің алдын алу мақсатында және көршілес облыс аумағында ауру санының артуына байланысты Жезқазған – Қызылорда тасжолы бойына 19 қазаннан бастап санитарлық бекеттер қойылды.***

Бүгінде Жезқазған қаласынан 70 шақырым жердегі Мибұлақ елді-мекені маңындағы санитарлық бекетте денсаулық сақтау саласының мамандары мен қалалық полиция басқармасының қызметкерлері тәулік бойына бақылау жүргізуде.

– Басты мақсатымыз – қауіпті індеттің белгілері бар немесе осы аурумен ауырып тұрғандарды қалаға кіргізбеу. Себебі ол бұл аурумен ауырған адамның өзі жүрген жердегі қаншама жанға ауру жұқтырады. Сол мақсатта біздің қызметкерлер қалаға кіретін барлық көлікті жіті бақылауға алды. Алдымен жолаушылардың дене қызуы тексеріледі. Ауру белгілері барларын емдеу стационарына жөнелтеді. Ал қарсылық білдіргендер қалаға кіргізілмей, кері қайтарылады. Бұл жерде сырттан келетін көліктердің құжаттары да қатаң тексерілуде, – деген Жезқазған қалалық полиция басқармасы тергеу бөлімі бастығының орынбасары Абай Күштібаев ауру белгілері пайда болса, дереу дәрігер көмегіне жүгініп, оқшаулану керектігін ескертті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

***Қала басшысы Қайрат Әбсаттаров сәрсенбі күні әлеуметтік желідегі «Әкім сағаты» онлайн-кездесуінде тұрғындар тарапынан түскен шағымдар бойынша қала аралауға шықты.***

# «ОНЛАЙН» ТЫҢДАП, «ОФЛАЙН» ТАНЫСТЫ



Тұрғындардан түскен шағымның дені әдеттегідей коммуналдық шаруашылық саласына қатысты болды. Қалада жылу маусымы басталып, барлық магистральды желілер жылуға қосылғанмен, пәтерлеріне жылу дұрыс бармай отырған үйлер де жоқ емес. Сондай үйлердің бірі – Сейфуллин көшесіндегі 39-үй. Осы үйдегі пәтерлердің бірінің тұрғыны әкімге батареялар дұрыс жылымайтынын айтып шағымданған. Аталған үйге қызмет көрсетуші пәтер иелері кооперативінің төрағасы апта басында бір пәтерден шағым түскенін, қазір оның мәселесі шешілгенін айтты. Қайрат Бектайұлы көпқабатты үйдің жертөлесіне де түсіп, ондағы жағдаймен танысты. ПИК төрағасы қазір «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ-мен бірлесіп есептеу құралдарын қабылдап алып жатқанын, жақында бұл жұмыс та жолға қойылатынын жеткізді.

Осы көше бойындағы 45-үй де жылудан қиындық көріп отыр. Мұндағы мәселе орталық желіден аталған үйге тартылған жылу, су құбырлары «Қазақтелеком» АҚ Жезқазған филиалы ғимаратының аумағымен өтеді. Тозығы жеткен құбырлар жиі жарылатын болған соң «Қазақтелеком» басшылығы ол құбырларды жауып тастауға мәжбүр болуда. Ал, «ЖСЖК» АҚ болса бұл құбырдың өз балансына алынбағанын, оны жөндей алмайтынын алға тартады. Көп қабатты үй тұрғындары жылу су ақысын уақыты төлеп отырғандарын, сондықтан қызмет көрсетуші кәсіпорын жылу құбырының жағдайына жауапты болуы керек деп санайды. Қала басшысы көптен бері дауға ұласып келе жатқан бұл мәселені «Қазақтелеком» АҚ Жезқазған филиалы мен «ЖСЖК» АҚ өзара келісіп, шешімге келуге бір тәулік уақыт берді.

– Тұрғындардың шағымдары негізсіз емес. Шешімі қарапайым мәселенің өзін күрделендіріп жібергенсіздер. Екі мекеме арасындағы келіспеушіліктен былайғы жұрт зардап шекпеуі керек, – деген қала басшысы «Қазақтелеком» АҚ, Еңбек және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ғимараттарының артындағы аумақтың тазалығына да сын айтып, жергілікті полиция қызметіне аталған аумақтағы мекеме, кәсіпорындарға айыппұл салуды тапсырды.

Әкімге Мамажанов көшесіндегі жер үйлердің тұрғындарынан да жылуға қатысты шағым түскен. Көшеде тартылған жылу құбыры 2006 жылы «Қалалық автокөлік жолдарын басқару кәсіпорны» КМК балансына өткен. Кейін ол кәсіпорын таратылып, құбыр қараусыз қалған. Қараусыз құбыр болған соң оған әр үй өз бетінше қосылып, технологиялық процесс бұзылған. Қайрат Бектайұлы бекітілген тәртіппен аталған құбырды «ЖСЖК» АҚ балансына өткізіп, мәселені түбегейлі шешуді тапсырды.

Мәметова көшесіндегі 43-үйге келетін жылу құбырында да кінәрат бар. ПИК төрағасының өтінішімен «ЖСЖК» АҚ аталған үйге кіретін және шығатын құбырларды тексеріп, жылу мәселесін шешетін болды.

Жаңадан бой көтерген 7,8-ықшамаудандардың кәріз желісіндегі қиындықтар бұған дейін де сөз болғаны белгілі. Әкімге әлеуметтік желі арқылы осындағы Кетбұқа көшесінің тұрғындары шағымданған. Кәріз құбыры бітеліп, құдықтан сыртқа аққан нәжіс су қолайсыздық туғызып тұр. Арнайы техника бірнеше рет сорғанмен мәселе түбегейлі шешілмеген. Әкім салаға



жауапты орынбасары мен «ЖСЖК» АҚ басшысына кәріз құбырындағы мәселенің себебін анықтап, қажет болса жаңа құбыр тарту керегін айтты.

Бекболатсай елді-мекеніндегі Айманов көшесіндегі бір үйдің тұрғыны «Үйіме жылу дұрыс келмейді» деп шағымданған. Әкім бастаған топ барғанда өзі үйінде болмай шықты. Мамандар бұл үйдің көшедегі жылу желісінен гаражына да жылу тартып алғанын анықтады. «ЖСЖК» АҚ директоры А. Мырзалиев жеке сектордағы жылу желілеріндегі мәселе ортақ екенін, ұзақ жылдар бойғы жүйесіз жұмыс осындай қиындықтар туғызып отырғанын, мәселені тек қараусыз қалған барлық жылу желісін кәсіпорын балансына алып қана шешуге болатынын айтады.

Әкім Холмецкий көшесі бойымен өтетін «Южный» су желісіндегі апатты жағдаймен де танысты. Құбырдың жол астымен өтетін бөлігі шіріп, су содан кетіп жатыр. «ЖСЖК» АҚ директоры ақауды бейсенбі күні кешке дейін жоюға уәде берді. Қала басшысы жөндеу жұмыстары созылып кетіп, көлік қозғалысына кедергі келмеуін қатаң тапсырды.

Қайрат Бектайұлы сонымен бірге, жөнделіп жатқан №4 жол өткеліндегі құрылыс жұмыстарымен, Геологический елді-мекеніндегі қазандықтың жағдайымен де танысты. Жауапты мамандарға жұмысты мерзімінен кешіктірмеуді және сапалы орындауды қатаң тапсырды. Барлық атқарылып жатқан жұмыстар өз бақылауында болатынын, сонымен бірге, қоғамдық бақылаудың да күшейетінін, оған ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі белсенділерінің де жұмылдырылатынын жеткізді.

**Өз тілшіміз**

МЕРЕЙ

# ҰЛТ БАСЫНДАҒЫ СЫНАҚТАРҒА ЖАСАМПАЗДЫҚПЕН ЖАУАП ІЗДЕП КЕЛЕДІ



***Төрегелді ШАРМАНОВ... Бұл – ұлт үшін ұғымға айналған есім. Ол нағыз қилы заманда дүниеге келді. Халықтың жартысы ашаршылықта қырылып, қазақ ұлтының көсемі мен шешенін, дүлдүлі мен сұңқарын қанқұйлы жүйе қуғын-сүргінге ұшыратып, көшбасшыларынан айырылған ұлт аман қалудың ғана жолын ойлаған кез еді. Бүгіннің биігінен қарасақ, Төрегелді Шарманов өмір бойы сол қилы заманның ауыртпалығын терең сезініп, мәңгі сапарға аттанып кеткен алыптардың көрмеген қызығына, жетпеген жетістігіне елімді жеткізсем деп өмір бойы еңбектеніп келе жатқандай.***

Ұлы тарихшы Арнольд Тойнбидің адамзат дамуы заңдылығына қатысты «сынақ-жауап» атты теориясы бар. Сонда айтылғандай, Төрегелді Шарманов – өз буынының алдыңғы қатарлы өкілі ретінде өмір бойы ұлтымыздың басындағы сынақтарға жауап іздеуді мақсат тұтып,соған лайықты қарекет қылып, халыққа қызмет жасаудың, ұлттың басына төнген сынаққа лайықты жауап табудың үлгісін көрсетіп жатқан тұлға. Төрегелді Шарманов бейне бір сонау 1920-1930-жылдардағы өмірден өтіп кеткендердің, қуғын-сүргінге ұшырағандардың есесін қайтарып, ұлтының басындағы сынақтарға жасампаздықпен жауап беріп келе жатқандай.

Ол бір жағынан халықтың денсаулығын сақтап, санын көбейтуге, екінші жағынан білім мен еңбектің арқасында кезінде өзіміз айырылып қалған арыстардың еңбегін өз саласында жалғастырып, орнын толтыруға ғұмырын арнады. Қуғын-сүргін, ашаршылық, Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде ес жиып, етек жинау үшін ұлттың алдыңғы қатарлы ұл-қыздары озық білімге ұмтылып, елге қажетті мамандық иесі болуға талпынды. Міне, ұлт тағдыры үшін шешуші сол кезеңде ерекше дарыны әкесінің қаны, анасының сүтімен, Ұлытаудың суымен берілген Төрегелді Шарманұлының медициналық университетке түсіп, денсаулық сақтау саласының маманы болып шығуы да бір заңдылық секілді.

Кейін Ақтөбе медициналық университеті ректоры ретінде ұлтының әлі де болса жетпей тұрған қажетін өтеуге жұмыс жасап, денсаулық сақтау саласындағы ұлттық кадрлар үлесін көбейтуге жан тәнімен еңбек етті. Содан болар, Дінмұхамед Қонаев ақсақал министрлікке тағайындарда облыс басшылығынан пікір сұрағанда, олар Төкеңе: «Жұмысты жақсы істейді, бірақ ол – ұлтшыл» деп баға берген екен. Сол заманда біздің медицинаға ұлтжанды адам керектігін түсінген Димекең министр тағайындарда Төкеңнің осы қасиетін де ескергені сөзсіз.

Сол себептен де кәсіби жоғары білігі мен білімі, ұлтжанды жүрегі ұлт мүддесімен ұштасқан Төрегелді Шармановтың ұлттық сана-сезіміміз қайтадан жаңғыра бастаған тұста, он екі жыл бойы денсаулық сақтау министрлігі басшылығында болуы да - біздің халқымыздың бағы еді. Олай дейтінім, ұлттың биіктерге шығуы, әлемдік аренадан өз орнын табуы үшін бірінші кезекте денсаулық сақтау жүйесі қажет екенін, әсіресе шалғай ауылдардағы қандастарымыздың денсаулық жағдайы жақсы болуы керек екенін түсінген Төрегелді Шарманов алғашқы медициналық көмек жүйесін дамытып, сонау түпкір-түпкірдегі, негізінен қазақ еңбекшілері тұратын алыс ауылдардан бастап қалаларға дейінгі жүйені жаңа деңгейге көтере бастады.

Осы жетістіктердің негізінде ол басқа ірі қалалармен таласа жүріп, Алматыда Дүниежізілік денсаулық сақтау ұйымы конференциясын өткізу мәртебесіне ие болды. Бұл бір жағынан сол конференцияда қабылданған денсаулық сақтау саласының Ұлы хартиясы деп аталған декларацияны қабылдап, әлемдік денсаулық сақтау саласының ұзақ жылдар бойғы даму басымдықтарын анықтауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан жиынның Алматыда өтуінің өзі ұлтымыздың әлемдегі танымалдық деңгейін жаңа сатыға көтеріп, абыройымызды асқақтатты. Бұл – Тәуелсіздікке дейін Қазақстанда өткен жалғыз дүниежүзілік шара еді. Мұның өзі Төрегелді Шармановтың қажырлы еңбегі мен ұлт мүддесін басты мақсат етуінің белгісі. Кеңес дәуірінің өзінде осындай жиын өткізуі ұлтымыздың бір жағынан денсаулығын сақтап, халық санын көбейтудегі табысты еңбегі, екінші жағынан әлемге жол ашып, медицина мен ғылым сапасын көтеруге ұмтылысының арқасында мүмкін болды. Ешқандай да асыра сілтеусіз, Төрегелді Шарманов осылайша өз буынынның ұлы мақсатын жүзеге асырып, әлеуетін арттыру арқылы ұлтты тәуелсіздік кезеңіне дайындауға зор үлес қосты деп айта аламыз.

Сондықтан, Тәуелсіздік алғаннан кейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Төрегелді Шармановтың ұзақ жылдар бойғы халықаралық денсаулық сақтау жүйесін дамытудағы үлесін ескере келе, әлемде оған дейін тек 42 адам ие болған Леон Бернар сыйлығын беруі де ол да бір үлкен заңдылықтың көрінісі.

Осылайша, Төрегелді Шарманов – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ең жоғарғы марапатын алған, яғни кәсіби тұрғыдан дүниежүзілік ресми ұйым тарапынан ең жоғарғы бағаланған алғашқы қазақ болды. Тәуелсіздік жылдары да өзінің бұрыннан келе жатқан арман-мұратын жүзеге асырып, ұлтымыздың денсаулығын қамтамасыз етуде маңызы ерекше тағамтануды тұтас бір сала ретінде қалыптастырып, жаңа деңгейге көтерді. Егер 60-жылдары ол аймақтық сипаты бар ауруларды зерттеп, сол арқылы денсаулық саласындағы басымдықтарды анықтауға күш салса, қазір ол тұтас ұлтымыздың денсаулығын тағамтану арқылы нығайтып, ұлттық символымызға айналған жылқы еті,бие сүті, қымызды зерттеуді жоғары деңгейге көтеріп, олардың негізінде ұлттық брендке айналатын жаңа өнімдер шығаруда. Олар мейлі шоколад, балмұздақ, яки қантсыз, бие сүтінен жасалған өнімдер болсын, барлығы – Төрегелді Шармановтың соңғы жылдардағы еңбегінің көрінісі.

Төрегелді Шарманов азамат ретінде ел дамуындағы өзекті мәселелерден ешқашан тыс қалған емес. Түптеп келгенде, Төрегелді Шармановтың бүкіл өміріне сол 30-жылдары айырылған аталарымыздың жетпегеніне олардан қалған тұяқтары жетсе екен деген арман-мұрат жетекші болып келгендей. Ол сол жылдары халқымыз айырылып қалған арыстардың орнын толтырып, қандай жүйенің құрамында болмасын ұлтқа қызмет жасауды бірінші орынға қоя білді. Яғни ол кісі бір жағынан ортақ адамзаттық құндылықтарды дәріптеп, ұлттың әлемдік интеграциядан тыс қалмауына еңбек етсе, екінші жағынан ұлттық құндылықтарды, біздің ұлттық болмысымызды, мәдени кодымызды сақтап қана қоймай, жаңа деңгейге көтеруге, ұлттың мәңгілік мұраттарын қалыптастыруға тер төгіп келеді.

Төрегелді Шармановтың тағы бір ерекшелігі – терең білім мен мол тәжірибе иесі бола тұра, ешқашан өз білгенін орынсыз ұсынбайды, дана бола тұра көсемсімейді, орасан зор ақыл иесі бола тұра көптің алдында ақылгөйсімейді. Ұлтқа қажет тұста Төкең алмас қылыш секілді өткір ойларын іркіп қалмайды, ал жалпы ортада құнды пікірлерін әсерлемей-ақ айтып, ұлт қажетін өтеуде.

Төрегелді Шармановтың жасампаз қуаты, оның даналығы ол кісімен жүздескен, сұхбаттасқан әр адамға оң әсерін тигізеді. Бұл біздің – бағымыз да, бақытымыз да.

Қымбатты Төке! Сіздің денсаулығыңыздың арқасында осы бағымыз бен бақытымызды Жаратқан ұзағынан сүйіндірсін! Әрдайым бізді алға қарап, жаңа межелерді қоюға үйретіп келесіз. Өзіңіз де жаңа межелерді белгілеп, соларды бағындыруға ұзақ жыл еңбек ету нәсіп етсін!

**Әлихан БАЙМЕНОВ**

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ




# ТОЙ ТОЙЛАЙТЫН УАҚЫТ ЕМЕС

***COVID-19 індеті белең алып, карантин талаптары күшейтілгеннен бері кісі қарасы көп жиналатын шараларға тыйым салынғаны белгілі. Барлық халыққа қызмет көрсету мекемелерінің жұмыс уақыты шектелді және карантин талаптарын қатаң орындауға міндеттелді.***

Карантин аптаның қай күні болмасын демалыссыз думандатып жататын тойханаларға да оңай соқпады. Олардың жұмысына мүлдем тыйым салынды. Күнделікті өмірде жиі болатын қуаныш-қызықты жақындармен бөлісу мүмкіндігінен айырылған халық та абдырап қалды. Осы тұста елдің пікірі де екіге айрылды. Бірінші тараптағылар тойда сақтық шаралары мүлде сақталынбайтынын айтып, бұл тыйымды қос қолын көтеріп қолдаса, керісінше, қарсы болғандар да табылды. Осылайша, хан сарайындай салтанатты тойханаларда өтетін басқосулар үй ішінде, шағын адаммен ұйымдастырылатын болды.

Алайда, көп адам жинамауға, өзгелердің басын қауіп-қатерге тікпеуге шақырған Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының сөзіне құлақ түріп жатқандар шамалы сияқты. Бұлай дейтініміз – осыдан бірер күн бұрын республика жұртшылығын елең еткізген жезқазғандық әнші Қуандық Рахымның тойы. Әлеуметтік желіде тараған фото және бейнематериалдар желі қолданушыларының қарсылығын тудырды. Осы тұста Жезқазған қаласы тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының жұмысына сенбестік танытқандар да табылды. Аталған мәселенің анық-қанығын білу мақсатында басқарманың жетекші маманы Нұрбол Жолдыбаевқа хабарластық.

– Шектеу шараларына қарамастан пәтерлерінде немесе коттеджер жалдап той істеп жатқандар бар. Біз оларды анықтап, бұның дұрыс еместігін ескертеміз. Тәртіп бәріне ортақ. Соған сай той иесіне айыппұл салынады. Осы мақсатта күн сайын біздің басқарма, полиция қызметкерлері мен әкімдік өкілінен тұратын мобильді топ бақылауға шығады. Қазан айы басталғалы біздің басқарма қызметкерлері 9 заң бұзушылық жағдайын тіркеді. Оның 4-еуі – кафе-ресторандарда жасалған той болса, 5-еуі – жер үйлерде ұйымдастырылған. Жақын күндері көпшілік назарын аудартқан жайдың бірі – әнші жерлесіміз Қуандық Рахымның тойы. Біздің қызметкерлер шағым түсісімен дереу той өтіп жатқан мейрамханаға барды. 100-ге тарта адам жиналған бұл жерде санитарлық талаптар сақталмайтыны анық. Сол себепті той иесіне – 83 340 теңге, тойхана иесіне 638 940 теңге мөлшерінде айыппұл салынды. Олар бір апта ішінде айыппұлды төлемейтін болса, іс сотқа жөнелтіледі, – деген ол барша қала тұрғындарын санитарлық нормаларды қатаң сақтап, өз денсаулықтарына бей-жай қарамауға шақырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

***Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.***

# СЫБАЙЛАСТЫҚПЕН КҮРЕС – БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

Жемқорлықты жеңу – ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев нақты белгілеген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сол себепті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында дамыған мемлекеттің жаңа саяси басымдықтарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресті атап көрсетті.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы».

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

Қазақстанда экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізілді. Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуға тиіс. Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.

Қазақстан – көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет.

**Бағдат НАУМАҒАМБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласының ауданаралық әділет басқармасы басшысы**

COVID-19

# ТҰМАУҒА ДА БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

*Бүгінде жұқпалы аурулар мен олардың пайда болуы және таралу жолын зерттейтін эпидемиология ғылымы медицинаның аса маңызды салаларының біріне айналып отыр. Күз келіп, күн суытысымен өршитін жұқпалы аурулар туралы мағлұмат алу мақсатында Жезқазған қалалық перзентханасының эпидемиолог дәрігері Өмірзақ МАЙГЕЛДИНОВпен арнайы сұхбаттастық.*



***– Өмірзақ Шәріпбекұлы, алдымен, жіті респираторлық аурулар дегеніміз не деген сұраққа кеңінен тоқталып өтсеңіз.***

– Жіті респираторлық аурулар жұқпалы болып келеді. Ауру қоздырғыштары ағзаға ауа-тамшы жолдарымен, яғни тыныс алу жолдары арқылы тасымалданады. ЖРВИ-дің тұмаудан айырмашылығы – ол адам бойында ұзақ сақталмайды. Тұмауға қарағанда тез кетеді. ЖРВИ-мен көбіне балалар мен мен егде жастағы адамдар ауырады. ЖРВИ-ге қарағанда тұмаудың белгілері сәл бөлектеу. Тұмау кезінде адамның дене қызуы 38-40 градус аралығында болады. Аталған ауру күн суыған кездерде өрши бастайды. Денсаулық сақтау министрлігінің шығарған соңғы №126 бұйрығына сәйкес 1 қазан мен 1 желтоқсан аралығы эпидемиологияға дейінгі кезең болып есептеледі. Ал 1 желтоқсан мен 30 сәуір аралығы – эпидемиологиялық кезең. Яғни, тұмаудың өршитін уақыты. Тұмау А, В және С деңгейлі болып 3 топқа бөлінеді. Бұл жерде С деңгейі – жеңіл түрі, В – орташа түрі. Аса қауіптісі – А деңгейі. А деңгейі пандемияға апарып соғуы мүмкін. Мысалы, өткен ғасыр басында болған испан тұмауынан 50 000 000-нан астам адам қаза тапқан. Бұл деңгей жан-жануарларда да жиі кездеседі. Құс тұмауы, шошқа тұмауы дегендерді естіп жүрген боларсыздар. Жануарлардағы тұмау түрлері адамға оларға жақындағанда, қолмен ұстағанда, қолды тазалап жумағанда, олардың етін тамаққа қолдану барысында дұрыс қайнатпағанда жұғады. Сол себепті әрдайым тазалықты сақтағаныңыз, ауық-ауық қолды жуып жүргеніңіз абзал.

***– Тұмаудың коронавирустан қандай айырмашылығы бар?***

– Байқағаныңыздай, бұл екеуі де жұқпалы аурулар. Біз көбіне елеп-ескере бермейміз. Бірақ, тұмау тиген адам қатаң түрде төсек режимін ұстауы керек. Ондай науқас бес күннен артық жұмыстан босатылады. Дәрігер нұсқаулығына сүйену керек. Сондай-ақ, тұмау кезінде антибиотик қабылдамаған абзал. Тұмаумен ауырған адам да оқшаулануға міндетті. Оның жеке ыдысы, қол орамалы болуы керек. Ол жатқан бөлменің терезесін ауық-ауық ашып, желдетіп алу қажет. Тұмау кезінде халықтық емдер де жақсы көмектеседі. Мысалы, біреулер шәйнекке су қайнатып, соның буымен тыныстайды. Енді біреулер құрамында антиоксиданты бар пияз, сарымсақ сынды көкөністерді қолданады. Бұның барлығы да көмектеседі. Тұмау тиген 3-5 күн аралығы өте қауіпті. Себебі осы күндері науқас күніне 10-15 адамға дейін тұмау вирусын жұқтыруға қауқарлы.

Ал коронавирустың тұмаудан айырмашылығы – ол өте жылдам тарайды. COVID-19 індетіне шалдыққан науқас араласқан адамына бірден ауру жұқтырады. Бұл жағдайда тіпті маска кию де әсер етпей қалуы мүмкін. Қытайдан басталған індет бүкіл әлемді жайлады. COVID-19 мутацияға, яғни өзгеріске ұшырап отырады. Ол әр науқаста түрліше кездесуі мүмкін. Ең қатерлісі – ол адам ағзасындағы осал тұсына шабуыл жасап, сол жерді құртуға тырысады. Бүгінгі таңда коронавируска шалдыққандарды да 3 топқа бөліп қарастыруда. Олар: жеңіл, орташа және аса ауыр түрімен ауырғандар. Мен өзім де бұл індеттің жеңіл түрімен ауырып шықтым. Коронавирустың тұмаудан айырмашылығы – құрғақ жөтел пайда болады, дене делсалданып, бойыңды ауырлық билейді. Ештеңеге зауқың соқпайды. Соңғы деректерге сүйенсек, коронавирустың жеңіл түрімен ауырған науқастарда – 1 айлық антидене, орташа түрімен шалдыққандарда – 3 айлық антидене, ал ауыр түрімен аурып шыққандарда – 5 айлық антидене пайда болады екен. Яғни, «Мен коронавируспен ауырып шықтым, менде иммунитет қалыптасты. Мен енді ауырмаймын» деуге мүлде болмайды. Қандағы оттегі мөлшері 90-нан төмен түсіп кетсе – ауру өкпеге қарай өтіп кетті деген сөз. Бұл кезде науқас жағдайы күрт нашарлайды. Осы кезде өкпеге жасанды желдеткіш аппараты көмегі қажет болады. Бұдан жазылғанның өзінде вирус өкпе қабаттарында сақталып қалады. Қандағы оттегі мөлшерін пульсиометр атты құрылғы көмегімен өлшейді. Оны кез келген адам сатып алып қойса да болады. Болмаса, бұл құрылғы барлық отбасылық-дәрігерлік амбулаторияда бар. Сол жерде барып оттегі мөлшерін есептетіп тұрсаңыз болады.

***– Еліміздің көптеген облыстарында карантиндік талап күшейтіліп жатыр. Жезқазған қаласы бойынша да санитарлық бекеттер қайта қойылды. Екінші толқынға жалпы дайындығымыз қалай деп ойлайсыз?***

– «Сақтықта қорлық жоқ» деген. Қандай жағдай болмасын қамсыз отырмауымыз керек. Бүгінде елімізде COVID-19-бен ауырып шыққандар саны 109 000-нан асты. Пневмония өршіп, халық жаппай ауырған уақытта ел медицинасында, соның ішінде Жезқазған денсаулық сақтау саласында біркатар олқылықтар орын алғаны рас. Кадр тапшылығы байқалды. Дәрі-дәрмек қоры жеткіліксіз болды. Жоспарға сай 1 қарашаға дейін модульді инфекциялық стационар құрылысы толық аяқталып, қолданысқа беріледі деп күтілуде. Қала бойынша 2 айға жеткілікті дәрі-дәрмек қоры бар. Сондай-ақ, жағдай қиындап, мамандар жетіспейтін болса Қарағанды қаласынан 23 дәрігер көмекке келмек.

***– Эпидемиолог дәрігер ретінде қала тұрғындарына қандай кеңес берер едіңіз?***

– Бастысы – тазалық, жеке бас гигиенасы. Қолымызды қайта-қайта сабындап жуып, антисептикпен тазалап тұруымыз керек. Әлеуметтік арақашықтықты сақтаңыздар. 65-тен асқандардан адам қарасы қалың жерлерге жиі бармауды сұраймын. Сосын қазақ – тойшыл халық қой. Әлі де болса жасырынып той-томалақ ұйымдастыруды қойған жоқпыз. Бұл жерде бір адам қаншама адам өмірін бәйгеге тігетінін түсіну керек. Әрине, қуанышты кезінде бөлісу керек. Дегенмен, біршама уақыт көп адамдық басқосуларды кейінге шегере тұрсақ ештеңе етпейді деп ойлаймын.

Сосын мен қазір перзентханада жұмыс істеймін ғой. Бала көтергеніне 37 апта болған аналар ПТР тестін өткен соң ғана перзентханаға жатқызылады. Оған қоса перзентхана ішінен де 5 кісілік коронавирустық орын дайындалды. Оның екеуі – індетті жұқтырып алды деген қауіпі бар аналарға, үшеуі – коронавируспен ауырған әйелдерді оқшаулап, ем көрсетуге арналған. Күн сайын өмірге сәбилер келіп жататын бұл жерде мынадай бір қиындық туындайды. Қазіргі аналардың біразы, солардың ішінде діни сеніміне байланысты көп әйелдер баласына екпе егуден бас тартады. Жаңа ғана сондай екі анамен жолығып келдім. Мен оларға бұның сал ауруы, полиомиелит, қызылша сынды көптеген ауруларға қарсы егілетінін, сол арқылы балада иммунитет қалыптасатынын түсіндірдім. Біреуі сөзіме құлақ асты. Екіншісін көндіре алмадым. Себебі – оның намазхан күйеуі бұған қарсы. Қанша жерден қандай пікір айтылса да ата-ана баланың болашағы үшін екпенің көмегі зор екенін ұғынғаны абзал. Біз білікті дәрігер ешқашан науқасына зиян тигізбейтінін түсінсек екен деймін. Айтпақшы, қазір барлық ОДА-ларда тұмауға қарсы екпе салынып жатыр. Ол арнайы есепте тұрған науқастарға және дәрігерлерге тегін. Бұны 15 қарашаға дейін салдырып үлгеруіміз қажет. Одан кейін бұл екпенің әсері болмайды. Бұл да – тұмаудан сақтанудың ең үлкен жолдарының бірі.

***– Пайдалы сұхбатыңызға рақмет. Ісіңізге сәттілік тілеймін.***

**Сұхбаттасқан Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

***COVID-19 індетінің екінші толқыны есік алдында тұргандай сезінеміз. Америка, Европа, Таяу Шығыс елдеріне қайта оралып, шеңгеліне іліккендер көбейіп, апшыны қуырып барады. Ресейдің өзінде ауруды жұқтырғандар саны тәулігіне 10 мыңнан асып кетіп жүр. Қазақстан да құралақан емес. Тәулігіне 70-90 үлкен-кіші коронавирус жұқтырып, ауруханаларда және отбасында ем-домын алып жатыр. Қыркүйекте жүзден астам мектеп оқушысы тест жүргізгенде бойында қауіпті дерт вирусы бар екені анықталды. Оған тұмау қосылды. Алда қылышын сүйретіп қыс келеді.***




Президент Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетінің екінші кезеңіне дайындық жөнінде кеңес өткізді.

Біздің Жезқазған қаласының тұрғындарының біразы арқаны кеңге салып, үрейі қайтып, босаңсып кеткенін жиі байқап жүрміз. Оның себебі үкіметке сенген баяғы психология. Індеттің алғашқы айларындағы емдеу, санитарлық–эпидемиялық жұмыстардың қарқыны, көлемі мен нақты нәтижелерін сараптап, облыс әкімдігі, әкімі Женіс Махмұдұлы Қасымбек нақты және нәтижелі шараларды қолданды. Алғашқы бетте төтеннен келген дертті емдеуде дәрігерлердің тәжірибесінің аздығын ескеріп, жұмыс үстінде оларды осы заманғы ғылым мен озат практика жетістіктеріне үйрету ұйымдастырылды. Қарағандыдан келген дәрігерлердің жағдайды оңалтуға көмегі зор болды. Дәрі-дәрмектің қажетті түрі толық және жеткілікті көлемде жеткізілді. Мемлекеттік бюджет, ірі өнеркәсіп нысандары, жеке кәсіпкерлер, халқым деп жүрегін жұлып беретін азаматтар қандағы оттегіні анықтағыштар, концентраторлар, өкпені желдететін қондырғыларды сатып алып берді. Көпбейінді аурухананың емдеу блоктарын оттегімен қамтамасыз ету жүйесі қалпына келтірілді. Қысқа мерзімде 200 төсектік жұқпалы аурулар ауруханасының құрылысы толық аяқталды. Бір сөзбен айтсақ, қаламызды «COVID-19» індетінің екінші толқыны ұрса, 600 төсектік жұқпалы ауруларды қабылдайтын емдеу орындары жұмыс істейді.

«COVID-19» пандемиясының екінші толқынының қандай болатынын білмейміз. Ол жайлаған елдерде жағдай ауыр. Жас кезімізде үлкендер «Сақтансаң, сақтайды» деп айтып отыратын. Пандемия кезінде қазақ халқының, Жезқазған-Ұлытау азаматтарының асыл қасиетіне, жүрегінің жылуына, бауырмалдығына, қолының ашықтығына куә болдық. Алланың осы сынақ кезеңінде де етек–жеңімізді жинап, сақ отырғанымыз дұрыс қой. Негізі Жаратқан аманаттаған жан мен тәнді қорғау–пәндешілікте жоғары тұрған парызымыз. Көпшілік жиналатын ойын-тойларды, отбасылық салт–дәстүр шараларын, еске алу рәсімдерін жағдай түзелгенше тоқтата тұруға болатын шығар. Бетперде тағу, санитарлық аралықты сақтау – аралас–құралас жақындарымыздың, жерлестеріміздің денсаулығын қорғаудың кепілі.

Арабтар «Ауылдың ақсақалы – әрі пірі, әрі құлы» дейді екен. Бүгінгі күнгі жағдай ақсақалдарға, әулет басшыларына, отағасыларға үлкен жауапкершілік жүктейді. Жолымыздан жаңылмай, елімізді осы кезеңнен аман алып шығуға үлес қосу – әрқайсымыздың борышымыз.

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ**

# КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ ӘЗІР

***Осыдан бірер күн бұрын өмірлік қиын жағдайдағы тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсету мекемесіне барып, оның негізгі жұмыс барысымен танысып қайттық.***



Бүгінде 24 адам жатқан мекемеде тағдыр тепершімен үй-күйсіз қалған жандар үшін барлық жағдай жасалған.

– Біздің мекеме 2000 жылы құрылған болатын. Ол кезде атауы қайта бейімдеу орталығы болды. 2017 жылдан бастап өмірлік қиын жағдайдағы тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсету мекемесі болып жұмыс істеп жатыр. Бұл мекеме туралы сөз қозғалысымен адамдардың ойына үй-күйі жоқ көшенің әр түпкірінде жатқан маскүнемдер мен қайыршылардың тұратын жері елестейді. Расында, аталмыш мекеме жұмысы тек мұнымен шектелмейді. Біздің мекеменің негізгі міндеті – үй-күйсіз, құжатсыз қалған адамдарға көмек көрсету. Орталыққа түзету мекемелерінен босатылғандар, жақынынан айрылып, қараусыз қалғандар, түрлі тосыннан келген апаттар салдарынан үй-жайынан айрылғандар көмек сұрап келеді. Біз оларды қабылдап алып, жеке басына қажетті киім-кешектерін алып береміз. Өзге киімдері демеушілердің көмегімен алынады. Мұнда олар 4 мезгіл тамақпен қамталады. Оларды тамақпен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 8 млн теңге қаражат бөлінді, – дейді мекеме басшысы Аймырза Жақып.

Биыл бұл жерге 70 адам қабылданған. Олардың алтауында туу туралы куәлік те болмапты. Мекеме қызметкерлерінің арқасында жеке басын куәландыру құжатына ие болған адамдардың да қуанышында шек жоқ. 7 адам туыстарымен қауышу мүмкіндігіне ие болған.

Бүгінгі таңда мекемеде 22 қызметкер жұмыс істейді. Мұнда әлеуметтік көмекпен қатар, мәдени-танымдық шаралар да жүргізіліп тұрады. Әр таң сайын Қазақстан Республикасының әнұранын шырқайтын мұндағы тұрғындар, күнделікті жаттығу жұмыстарын да қалт жібермейді. Сондай-ақ, олар апта соңында Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа оқиды.

Мекеме басшысы Сейфуллин көшесі бойында отыратын қайыршыларды да еске салды.

– Сауда орталықтары жиі орналасқан, адамдар көп жүретін Сейфуллин көшесі бойында ақша сұрап отыратын қайыршылар өте көп. Олардың дені – мүмкіндігі шектеулі жандар. Соларға қарап, ел біздің мекеме ешқандай жұмыс істеп отырған жоқ деген ойға келеді. Расында олай емес. Біз оларды мекемеге алып кетпейміз. Себебі, әлгі қайыршылардың барлығының дерлік үйлері бар. Мемлекеттен зейнетақы алады. Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әеуметтік бағдарламалар орталығы арқылы оларға қолқарба да берілген. Сонда олар неге қайыр сұрап отыр деген ой келері анық. Оның себебі – маскүнемдік. Олар жай ғана бұл тірліктерін әдетке айналдырып алған, – деген мекеме басшысы қала көшелерінде жатқан маскүнемдерді жыл сайын рентгендік тексерістен де өткізетінін айтты. Биыл мекемедегі тұрғындардың бәрі ресейлік тұмауға қарсы екпені де тегін қабылдау мүмкіндігіне ие болған.

Бұл жерге келген тұрғындар құжаттарын толық жасатып, жұмыс тапқанша бір жыл тұрақтай алады. Осы тұста айта кетер тағы бір жайт, бұл мекемеге жүйке ауруымен ауыратын жандар және жұқпалы ауруға шалдыққандар, маскүнемдер, нашақорлар, ауруы асқынып, күтуші көмегіне мұқтаж жандар және басқа да арнайы емдеу орталықтарында емдеуді қажет ететіндер қабылданбайды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ПРОКУРАТУРА ЕСКЕРТЕДІ

# АДАМ САУДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАҢЫЗ

***Қазақстан Республикасы аумағында жыл сайын 500-ден астам азаматтардың жоғалу фактілері тіркелуде. Адам саудасының құрбаны болмаңыз және ондай фактілерге жол бермеңіз.***



Олардың алдын алу мақсатында қала прокуратурасы төмендегіні ұсынады:

Танымайтын тұлғалармен жалақысы жоғары жұмыс жасауға келісу арқылы алданбау. Көп жалақылы жұмыс ұсынған жағдайда, оның шынайылығын тексеру.

Бейтаныс азаматтармен себепсіз қатынасқа түспеу.

Кәмелет жасқа толмаған балаларды ата-анасының қараусыз қалдырмау.

Жеке құжаттарды (жеке куәлік, паспорт, туу туралы куәлік, есепшоттар) бөгде адамдарға белгілі себепсіз бермеу.

Жұмысқа орналасу барысында міндетті жұмыс берушімен келісімшарт жасасу.

Алкогольдік ішімдікпен, есірткі заттарымен әуестенбеу, яғни спирттік ішімдікке әуес азаматтар масаң күйде болған жағдайда олардың дәрменсіз күйін пайдаланатын тұлғалар аз емес.

Шет елдерден келген азаматтардың құжаттарын заңнамаға сәйкес заңдастыру.

Егер шет елдерге кеткен жағдайда өз телефон нөмірлері немесе байланыс құралдары туралы ақпараттарды міндетті түрде қалдыру.

Жұмысқа орналасқан жағдайда жақын туыстарға қайда, кімнің мекемесінде және қандай мекенжай бойынша жұмыс жасағаны туралы жиі хабарлау.

Жүйке ауруларымен ауыратын тұлғаларды туыстарының қараусынсыз қалдырмау.

Егер сіз адам саудасымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық құрбаны немесе куәсі болсаңыз онда құқық қорғау органдарына, қала прокуратурасына немесе 102 байланыс нөміріне хабар берулеріңізді сұраймыз.

**Жезқазған қаласының прокуратурасы**

АКЦИЯ

# «БІР ОТБАСЫ – БІР КІТАП» АКЦИЯСЫ ӨТУДЕ

***«Ұлы істер отбасынан басталады» ұранымен бастау алған «Бір отбасы – бір кітап» акциясы аясында Жезқазған қаласының №11 жалпы орта мектебінің оқушылары арасында мектепішілік «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін....» атты Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай І жарты жылдыққа жоспарланған қашықтан ұйымдастырылған іс-шаралар өтіп жатыр.***




Білімге құштарлықты дәріптеген Абайды оқымаған, Абай сөзінің нәрімен сусындамаған адамзат жоқ болар. Сондықтан әуелі хәкім Абай шығармашылығын жас өрендер санасына жеткізуді ел болып, отбасы болып, қалыптастыруды жөн көрдік.

Бастауыш сынып оқушылары «Абай – табиғат жанашыры» атты суреттер көрмесі мен «Сөзбен өрнектелген бұл табиғат...» отбасылық сахналық қойылымдар өз мәнінде жүргізілуде. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе!» тақырып негізінде отбасылық көркемсөз оқу байқауы да өте жоғары деңгейде өтті.

Жас өрендерге, іс-шараларға бір кісідей қатысып, кітап оқу арқылы жалпы ұлттың ұлы тұлғаларының ұлағатын бойына отбасы болып сіңіруге өз үлестерін қосқандары үшін алғыс білдіріп,сәттілік тілейміз.

**Гүлмира СЕРДАЛИНОВА,
№11 жалпы орта мектебі бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жетекшісі**

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

# ТҮПНҰСҚАНЫ КӨШІРМЕДЕН ҚАЛАЙ АЖЫРАТАМЫЗ?

***Әлемге әйгілі суретшілердің туындылары қай кезде де жоғары құнға ие. Олар тарихи тұрғыдан да, бағалық мөлшері бойынша да өте қымбат тұрады. Мамандар зерттеуінше әлемдегі ең бай адамдардың қатарында сурет коллекционерлері көп екен. Олар өнері көпке белгілі, атақты суретшілердің туындыларын сатып алып, жинағанды жақсы көреді. Ал сіз ше? Дегенмен, бұл жерде суреттің бағасына сай түпнұсқасын да айыра білу қажет, аса маңызды. Сонымен, алаяқтардың арбауына түсіп қалмау үшін түпнұсқаны көшірмеден қалай айыруға болады?***

Суретті зерттеп, зерделейтін мамандардың айтуынша түпнұсқаны анықтауға 6-7 жылдан бастап 10-15 жылға дейін уақыт кетуі мүмкін екен. Аяқ астынан орта ғасырдағы әйгілі суретшінің туындысын алудың орайы түсіп тұр. Сәйкесінше, оның бағасы да айтарлықтай соманы құрайды. Оңайлықпен көрінгеннің қолына ұстата салуға болмайтын қаржыны шығындамас бұрын суреттің шынымен де түпнұсқа екеніне көз жеткізгіңіз келетіні сөзсіз. Сіз дереу картинаның қыр-қырын білетін, түпнұсқаны ажыратып, көзі тани алатын маманды іздестіресіз. Ол маманның да қызмеақысы әжептәуір тұрады. Сонымен қатар, дәл осындай маманды біздің елімізден өте сирек кездестіресіз. Кейде таба алмай қалуыңыз да мүмкін. Шетелдік сарапшыны іздеуге де біраз уақытыңыз кетеді. Соған байланысты сізге ұсынар бірлі-жарым кеңесімізді оқи отырыңыз.

Түпнұсқа картинаны көшірмеден ажырата білу үшін сол суретті салған автордың өзге де туындыларымен танысып шығыңыз, салу техникасына назар қойыңыз. Сурет көрмелері мен музейге барып ескі суреттердің патинасын, олардың жасалуын тексеріп шығыңыз. Ағаш бойына жиналған шаңның өзінен біраз мағлұмат алуға болады. Бүгінгідей кез келген түсіңізді табуға мүмкіндік болмаған заманда орта ғасыр суретшілері ойындағыдай түсті бірнеше түстерді араластыру арқылы ғана алатын болған. Суреттегі бояулардың жағылуы мен қабатына назар аударыңыз. Сурет салынған материалмен танысыңыз. Бұрынғы суретшілерде қағазға сурет салу мүмкіндігі болмағанын ескеріңіз. Суреттің артына да көз жүгіртіңіз. Ағашы қағазқапсырмамен қыстырылған картинаның орта ғасырға жатпайтыны айтпаса да түсінікті болар. Сосын көшірме суреттерде арзан қылқаламның шашыраңқылары бояуға жабысып қалады. Суретті қолмен сипап көріңіз. Суреттің кедір-бұдырлығын, бояулардың қоюлық мөлшерін сезініңіз. Әрі қарай иіс сезу рецепторларын іске қосыңыз. Негізі қолмен салынған суреттегі бояудың толық кеуіп, иісінен арылуына көптеген жылдар керек.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ЭКОСОФИЯ

## *Бозторғай аңызы*

Бірде Мұхамбет пайғамбар көкке қарап, зікір етіп отыр еді. Көз ұшына екі құс ілінеді. Әп-сәтте олар жақындай түседі. Қараса, бір торғай жан дәрмені қалмай қашып келеді. Бір лашын өткір тұяғын қылыштай сермеп,ізінен қуып келеді екен. Торғай ышқына қашып, пайғамбардың қойнына кіріп тығылады.Үрейден денесі дір-дір етіп,қалшылдап отырады. Лашын қанатын созып, пайғамбардың қарсы алдына қонақтайды да, адамша тіл қатып:

– Әй, адамзат, менің жемтігімді қайтар.Тәңірі тағалла бүгінгі несібем етіп, осы торғайды бұйыртып еді.Ол сенің қойныңа тығылды.Араша түспей босат! Қарным аш,іштегі жыланымды басуым керек, – дейді.Пайғамбар бозторғайды алақанымен сипап:

– Уа, лашын құс, мен саған қой етін берейін. Соны же, мына торғайға тиіспе! – дейді. Лашын көнбейді.

– Қой еті – қорғасын деген,одан да торғайдың еті жұмсақ келеді, –дейді.

– Онда сиырдың етін берейін, – дейді.

– Жоқ, сиыр еті қырық жылдық дерт қоздырады деген, көнбеймін, – дейді.

– Онда жылқының етін берейін.

– Жоқ,жылқы еті тез қорытылады. Қарным қайта ашады.

– Түйенің етін берейін.

– Жоқ, түйе еті жалқаулықты шақырады.

– Ендеше, торғайдың орнына не сұрайсың?

– Екі көзіңді ойып бер! – дейді.

– Жақсы,екі көзімді торғайдың жаны үшін аямаймын.Тек бұл байғұсқа тиіспесең болды, – дейді.

Сол сәтте лашын құс Әзірейіл періштеге, торғай Жебірейіл періштеге айналып шыға келіпті.Олар:

– Уа,Әзіреті Мұхамбет, сені жомарт, шырылдаған торғай үшін де жанын береді деп мақтаушы еді. Соны сынайық деп келдік. Сен расымен, титімдей торғай үшін қос жанарыңды аямадың. Құсқа пана болып, жыртқышқа алдырмадың. Бізге ең ұнайтын қасиетің – осы.Үмбетің де осылай аң-құсқа пана болса, біз олардың тілеуін тілеп, Құдайдан амандығын тілер едік, – дейді.

Осылайша Әзіреті пайғамбар бозторғайға болысқан екен.







***Жастардың репродуктивті денсаулығын сақтауға қатысты әлеуметтік жоба жүзеге асуда***

«Жастар арасында репродуктивті денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету» жаңа әлеуметтік жобасын жүзеге асуда.

Аталмыш шараны «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік гранты аясында «Жыныстық және репродуктивтік денсаулық жөніндегі қазақстандық қауымдастығы (КМПА)» ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен ұйымдастырып жатыр.

Жобаның мақсаты – жастардың репродуктивті денсаулығын сақтауға көмек көрсету.

Әлеуметтік жоба 2020 жылдың қыркүйегінен бастап іске асырылуда, жоба шеңберінде халық арасында, отбасын жоспарлау әдістері, ерте жүктіліктің алдын алу және ескерту, жыныстық жолмен берілетін инфекциялық аурулардың профилактикасы бойынша консультациялық, ақпараттық – түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

«Әлеуметтік жоба аясында білікті психологтар мен медицина қызметкерлері Сізге сенім телефоны арқылы кеңес береді. Тел:8 8000 040 540» делінген министрлік таратқан хабарламада.

